**Қазақстан Республикасында әлеуметтік реформаларды одан әрі тереңдетудің 2005-2007 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 30 қарашадағы N 1241 Қаулысы

Әлеуметтік реформаларды одан әрі тереңдету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасында әлеуметтік реформаларды одан әрі тереңдетудің 2005-2007 жылдарға арналған бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) бекітілсін.

2. Орталық және жергілікті атқарушы органдар, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдар (келісім бойынша) Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне Бағдарламаны іске асырудың барысы туралы жарты жылдық қорытындылары бойынша жылына екі рет, 15 қаңтарда және 10 шілдеде ақпарат ұсынсын.

3. Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Қазақстан Республикасының Үкіметіне Бағдарламаны іске асырудың барысы туралы жарты жылдық қорытындылары бойынша жылына екі рет, 30 қаңтарда және 25 шілдеде жиынтық ақпарат ұсынсын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 30 қарашадағы N 1241 қаулысымен бекітілген

# Қазақстан Республикасында әлеуметтік реформаларды одан әрі тереңдетудің 2005-2007 жылдарға арналған БАҒДАРЛАМАСЫ

## Бағдарламаның паспорты

Ескерту. Паспортқа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006 жылғы 13 қаңтардағы N 40 Қаулысымен.

| | |
|---|---|
| Бағдарламаның атауы | Қазақстан Республикасында әлеуметтік реформаларды одан әрі тереңдетудің 2005-2007 жылдарға арналған бағдарламасы. |
| Әзірлеу үшін негіздеме | Қазақстан Республикасы Президентінің "Бәсекеге қабілетті Қазақстан үшін, бәсекеге қабілетті экономика үшін, бәсекеге қабілетті халық үшін" Қазақстан халқына 2004 жылғы 19 наурыздағы жолдауы Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2004 жылғы 20 ақпандағы N 44-ө өкімі . |
| Әзірлеушілер | Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2004 жылғы 20 ақпандағы N 44-ө өкімімен құрылған жұмыс тобы. |
| Бағдарламаның мақсаты | Негізгі сипаттамасы қаржылық тұрақтылық және мемлекет, жұмыс беруші және қызметкер арасындағы жауапкершілікті бөлу болып табылатын әлеуметтік қамсыздандырудың үш деңгейлі жүйесін құру. |
| Міндеттері | Мемлекеттік әлеуметтік стандарттар жүйесін халықаралық стандарттарға кезең-кезеңімен жақындастыру;<br>негізгі әлеуметтік қатерлерді әлеуметтік сақтандыруды дамыту (карттықтың басталуы, еңбек қабілетінен айрылу, асыраушысынан айрылу, жұмысынан айрылу);<br>әлеуметтік көмекті ұйымдастыруды жетілдіру (кедейлікті азайту);<br>әлеуметтік қызметтердің қол жетімділігін кеңейту және сапасын арттыру;<br>мүгедектерді әлеуметтік оңалтуды жетілдіру;<br>заңды (ресми) сектордағы еңбек өнімділігіне уәждемелеуді күшейту жөніндегі еңбек заңдарын одан әрі жетілдіру және |

жалақының өсуінің еңбек өнімділігінің өсуіне байланысын белгілеу үшін жағдайлар жасау;
халықты әлеуметтік қамсыздандырумен кеңірек қамту және әлеуметтік қамсыздандыру схемасын жеке таңдауға мүмкіндіктерін беру үшін жағдайлар жасау;
жүйенің барлық субъектілерін (мемлекет, қызметкерлер мен жұмыс берушілер, алушылар) әлеуметтік қамсыздандыру жүйесін басқаруға қатыстыру тетіктерін жасау;
әлеуметтік қамсыздандыру жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз ететін институттарды одан әрі дамыту;
ақпараттық қамтамасыз етуді және әлеуметтік статистиканы жетілдіру;
әлеуметтік қамсыздандыру жүйесінің мамандарын даярлауды және олардың біліктілігін арттыруды қамтамасыз ету;
жергілікті атқарушы органдардың Бағдарламаның өңірлік аспектілерін іске асыру үшін жауапкершілігін арттыру;
әлеуметтік қамсыздандыру жүйесінің нормативтік құқықтық базасын жетілдіру.

Іске асыру мерзімі 2005-2007 жылдар

Қаржыландыру көлемі мен көздері Қаржыландыру көздері - мемлекеттік бюджеттің қаражаты, жұмыс берушінің және/немесе қызметкерлердің міндетті және ерікті жарналары болып табылады.
Бағдарламаны іске асыруға мемлекеттік бюджеттен барлығы 994599,9 млн. теңге сомасында қаражат талап етіледі, оның ішінде республикалық бюджеттен:
2005 жылы - 276230,5 млн. теңге;
2006 жылы - 341203,4 млн. теңге;
2007 жылы - 363736,9 млн. теңге;
жергілікті бюджеттен:

2006 жылы - 6519,0 млн. теңге;
2007 жылы - 6910,1 млн. теңге.
Республикалық бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын іс-шаралар бойынша шығыстардың көлемі тиісті қаржы жылына арналған "Республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес белгіленетін (нақтыланатын) болады.
Жергілікті бюджеттерден шығыстарды жергілікті өкілді органдар белгілейтін болады.

Күтілетін нәтижелер Бағдарламаны іске асыру:
мемлекеттік бюджет қаражаты, жұмыс берушінің және/немесе қызметкерлердің міндетті және ерікті жарналары есебінен халықты әлеуметтік қамсыздандыру деңгейін арттыруға;
халықты әлеуметтік қамсыздандыру ауқымын кеңейтуге;
кедейлік деңгейін азайтуға;
еңбек жағдайлары мен еңбек қауіпсіздігін жақсартуға;
көлеңкелі жұмыспен қамтуды азайтуға;
жұмыссыздық деңгейін азайтуға;
көрсетілетін әлеуметтік қызметтердің сапасын арттыруға;
әлеуметтік қатерлерді сақтандыруды және сақтандыру рыногын дамытуға;
әлеуметтік қамсыздандыру жүйесінде әлеуметтік төлемдер мен аударымдар есебінің және оларды бақылаудың бірыңғай дербес жүйесін құруға ықпал етеді.

## Кіріспе

Әлеуметтік қамсыздандыруды реформалау, өнімді жұмыспен қамтуға жәрдемдесу, халықтың тұрмыс деңгейін арттыру мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық саясатының маңызды бағыттары болып табылады.

Елді дамытудың әрбір сатысында әлеуметтік қамсыздандыру деңгейі оның экономикалық және қаржылық мүмкіндіктерімен айқындалады.

Инфляцияның жоғарылығымен, өндірістің құлдырауымен және жұмыссыздықпен сипатталған экономикалық қиындықтар мен дағдарыстың алғашқы жылдарында әлеуметтік саланы дамытудың мүмкіндіктері біршама шектеліп қалған болатын. Осы жылдары мемлекет азаматтардың тұрмыс деңгейінің күрт құлдырап кетуінің зардаптарын жеңілдетуге және халықтың мейлінше аз қамтылған топтарын қорғауға бағытталған шаралар қабылдаған еді.

Тоқсаныншы жылдардың екінші жартысында басталған экономикалық өсу белсенді әлеуметтік саясат жүргізу үшін алғышарттар жасады. Жаңа жағдайларда әлеуметтік қорғау жүйесін реформалаудың еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі заңдар шығаруға және оларды іске асыруға, жұмыспен қамтуға белсене жәрдемдесуге, жинақтаушы зейнетақы жүйесіне көшуге және атаулы әлеуметтік көмек көрсетуге бағытталды.

Алайда әлі де орын алып отырған кедейлік, жұмыссыздық, халықтың қартаң тартқан қатарының көбеюі, рыноктарды жаһандандыру, сондай-ақ биресми сектордың көбеюі әлеуметтік реформаларды одан әрі тереңдете түсуді талап етеді. Бұл осы Бағдарламаны әзірлеу қажеттігін тудырды. Осы Бағдарламаны әзірлеу үшін негіздеме Қазақстан Республикасы Президентінің "Бәсекеге қабілетті Қазақстан үшін, бәсекеге қабілетті экономика үшін, бәсекеге қабілетті халық үшін" 2004 жылғы 19 наурыздағы Қазақстан халқына жолдауы , Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2004 жылғы 20 ақпандағы N 44-ө өкімі болып табылады.

## I бөлім. Әлеуметтік қамсыздандырудың қазіргі жағдайын талдау

Қазақстанда қазіргі уақытта қолданылып жүрген *әлеуметтік қамсыздандыру жүйесі* мемлекеттің басым қатысуымен сипатталады. Зейнеткерлерді, мүгедектерді, асыраушысынан айрылған адамдарды және халықтың өзге де санаттарын әлеуметтік қамсыздандыру мемлекеттік бюджеттің есебінен жүзеге асырылады.

*Бүгінде әлеуметтік қамсыздандырумен 3,5 млн. артық адам (немесе барлық халықтың 23,6%) қамтылған.*

2004 жылы әлеуметтік қамсыздандыруға арналған шығыстар (жоспар) 1999 жылмен салыстырғанда бір жарым еседен астамға көбейді.

Бұл халықтың табысының едәуір көбеюіне мүмкіндік берді, оны мынадай индикаторлардың өсуінен көруге болады. 1999 жыл мен 2004 жыл аралығында

- жалақының ең төменгі мөлшері 2,5 есеге (2605 теңгеден 6600 теңгеге дейін);
- зейнетақының ең төменгі мөлшерлері - 1,9 есеге (3000 теңгеден 5800 теңгеге дейін);
- орташа жалақы - шамамен 2 есеге (11864 теңгеден 26048 теңгеге дейін);

- зейнетақының орташа мөлшері - 2 есеге (4104 теңгеден 8529 теңгеге дейін);
- ең төмен күнкөріс деңгейі - 1,5 есеге (3394 теңгеден 5394 теңгеге дейін);
- мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылардың орташа мөлшері - 1,3 есеге (3441 теңгеден 4670 теңгеге дейін) өсті.

Маңызды әлеуметтік игіліктердің жалпыға бірдей қол жетімділігін және қоғамдық жағынан қолайлы сапасын қамтамасыз ету мақсатында реформалау барысында <u>мемлекеттік ең төменгі әлеуметтік стандарттар:</u> ең төмен күнкөріс деңгейі, жалақы мен зейнетақының ең төменгі мөлшері, еңбек жағдайларының стандарттары мен еңбекақы төлеу, әлеуметтік қызметтерді ұсыну нормативтері және т.б. белгіленді және қазіргі уақытта пайдаланылып жүр.

<u>Алайда қазіргі қолданылып жүрген мемлекеттік әлеуметтік стандарттар өзгеріп жатқан әлеуметтік-экономикалық жағдайларды көрсетпейтін болды</u> және олардың арасында қажетті жүйелі өзара байланыс жоқ. Әлеуметтік төлемдерді есептеудің экономикалық негізделген нормативтерінің және олардың еңбекке ақы төлеудің жүйесімен өзара байланысының жоқтығынан жұмыс істейтін адамдар мен әлеуметтік төлемдер алатын адамдар табысының арасындағы тиісті байланыстар жоғалып кеткен. Осыған байланысты мемлекеттік әлеуметтік стандарттарды жетілдіру жөніндегі жұмыс басталып та кетті.

<u>Әлеуметтік қамсыздандыруда зейнетақы жүйесі ерекше орын алады.</u> Елде реформалау нәтижесінде аралас зейнетақы жүйесі құрылды.

Бір жарым миллионнан астам зейнеткерлер ынтымақты негізде зейнетақы төлемдерімен қамсыздандырылады. Жыл сайын зейнетақыны арттыру жүргізіледі және соңғы жылдары зейнетақы төлемдерінің нақты өсімі тұтыну бағалары индексінің өсімінен озып кетті.

2003 жылы индекстеуден басқа зейнетақыларды саралап арттыру жүзеге асырылды. Бірінші маусымнан бастап 1055,0 мың адамның зейнетақысы көбейтілді, ең төменгі зейнетақы алатын зейнеткерлердің саны үш есе қысқарды, ал 450 мыңнан астам адам ең жоғары зейнетақы ала бастады. Нәтижесінде 2004 жылдың 4 қаңтарында зейнетақының ең төменгі мөлшері 5800 теңгені, ал зейнетақының орташа мөлшері 8335 теңгені құрады.

Алайда осыншама оң өзгерістер бола тұрса да зейнетақыларды саралап көбейту *проблемалардың бәрін шешпейді* . Ең бастысы - зейнетақымен қамсыздандырудың деңгейі салыстырмалы түрде алсақ, әлі де төмен күйінде қалып отыр.

*Ынтымақты зейнетақы жүйесімен қатар* 1998 жылдан бастап қатысушылар арасында ынтымақсыз жинақтау қағидатына негізделген қамсыздандырудың жалғыз түрі <u>жинақтаушы зейнетақы жүйесі</u> енгізілуде және дамып келер. Қазіргі уақытта *жинақтаушы зейнетақы қоры* азаматтардың 6,5 млн. теңге жеке жинақтаушы шоттарымен (жинақтаушы зейнетақы қорларының деректері бойынша) сипатталады. Зейнетақылық қызметтер рыногында Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қоры мен 15

мемлекеттік емес зейнетақы қоры бар. Жұмыс істегелі бері оларда 415,2 млрд. теңге зейнетақы жинақтары, соның ішінде 115,7 млрд. теңге есептелген инвестициялық кіріс жинақталды.

Сонымен бірге жинақтаушы зейнетақы жүйесінде де бірқатар проблемалар баршылық: жинақтаушы зейнетақы қорының қызметтерімен халық әлі де жеткілікті қамтылмай отыр, зейнетақы жарналары бойынша кемалым азая түскенімен, ол әлі де жоғары күйінде қалуда, зейнетақы жинақтарын инвестициялау тиімділігі де ойдағыдай емес.

400 мыңнан астам мүгедекті мемлекет әлеуметтік қамсыздандыруға алып отыр. Бұл ретте әрбір үшінші мүгедек еңбекке жарамды жаста, мүгедек балалар 40 мыңнан асады, олардың көпшілігінің кемістігі туа біткен. Алғаш рет мүгедектікке ұшырау деңгейі азайғанымен, әлі де жоғары күйінде қалып отыр.

1998 жылдың 1 қаңтарына дейін қолданылып келген зейнетақы заңдарына сәйкес жалпы ауруы салдарынан мүгедектігіне байланысты зейнетақы жалақысы ескеріле отырып, мүгедектік басталған уақыттағы еңбек өтілі болғанда; еңбек жарақатынан немесе кәсіби ауруына байланысты зейнетақы - еңбек өтіліне қарамастан, бірақ жалақысы ескеріле отырып тағайындалатын еді.

1998 жылдан бастап "Қазақстан Республикасында мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айрылуы жағдайы бойынша және жасына байланысты берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес мүгедектігі бойынша жәрдемақылардың мөлшері еселенген айлық есептік көрсеткішке (одан әрі - АЕК) сәйкес белгіленеді, ал олардың өсуі оны индекстеу есебінен жүргізіледі.

Жалпы аурудан мүгедектігі бойынша жәрдемақының мөлшері 2004 жылы: I топтағы мүгедектер үшін 7720 теңгені; II топтағы мүгедектер үшін - 5882 теңгені; III топтағы мүгедектер үшін 3309 теңгені құрайды.

Президенттің тапсырмасына сәйкес 2005 жылы жәрдемақылардың едәуір арттырылуы жүргізіледі: I топтағы мүгедектерге - 3 АЕК (2895 теңгеге); II топтағы мүгедектерге - 2,5 АЕК-ке (2412,5 теңгеге); III топтағы мүгедектерге - 2 АЕК-ке (1930 теңгеге); 16 жасқа дейінгі мүгедектерге 3 АЕК-ке (2895 теңгеге). Нәтижесінде 2005 жылы мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылардың орташа мөлшері 6700 теңгеге дейін немесе 50%-ға арттырылады. Сонымен қатар Ұлы Отан соғысы мүгедектері мен қатысушыларына арнаулы мемлекеттік жәрдемақылардың мөлшері 15 АЕК дейін арттырылады және 30 мың теңге мөлшерінде материалдық көмек көрсетіледі.

Алайда, мүгедектер үшін күн көрістің жалғыз көзі болып табылатын жәрдемақыларды арттыруды ескергеннің өзінде мардымсыз. Бұл проблема міндетті әлеуметтік сақтандыруға көшу кезінде де мүгедектігі бойынша жәрдемақы алып жүргендер үшін де, биресми секторда жұмыс істеп жүргендер үшін де сақталып қалады .

ХЕҰ, ТАСИС, ЮСАИД ұсынымдарына сәйкес әлеуметтік қамсыздандыру және мүгедектерді оңалту жүйесін жақсарту мақсатында облыстар мен Алматы және Астана қалалары әкімдіктері жанындағы медициналық-әлеуметтік сараптама (МӘС) қызметі Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне берілді.

Алайда, әлеуметтік жетіспеушілікті жеңу үшін қазіргі қолданылып жүрген шаралар мүгедектерге олардың жоғалтқан тіршілік ету функцияларының орнын толтыра алмайды. Мүгедектіктің алдын алуға жеткілікті көңіл бөлінбейді, мүгедектерді оңалту көрсеткіштері де төмен күйінде қалып отыр. Сондықтан да қазіргі уақытта МӘС қызметін нығайту, бірыңғай оңалту технологиясын жасау жөнінде бағдарламалар әзірленді және жұмыс басталды, оны іске асыру мүгедектердің қоғам өміріне басқа азаматтармен теңдей қатысуына мүмкіндіктер жасауға жәрдемдеседі.

Халықтың өзге санаттары да: асыраушысынан айрылған адамдар, жаппай саяси қуғын-сүргіндер, Семей сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың құрбандары, Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектері; Чернобыль АЭС-ындағы аварияның зардаптарын жоюға қатысушылар және басқалар да әлеуметтік қамсыздандырумен қамтылған.

Оларға әлеуметтік осалдықты жеңуіне мүмкіндік бермейтін әлеуметтік қамсыздандырудың негізгі проблемасы халықтың осы топтарының әлеуметтік жәрдемақылар деңгейінің төмендігі болып табылады.

Бұл жағдайда мемлекет кедейлікті азайту үшін аз қамтылған отбасыларына материалдық көмек пен қолдау көрсетеді. Елде әлеуметтік қамсыздандыру жүйесін реформалау барысында барлық адамдар үшін патернализмнен аз қамтылғандарға атаулы қамқорлық жасауға ауысу жүзеге асырылды. 2002 жылы елде жан басына шаққандағы табысы кедейлік деңгейінен де төмен (кедейлік шегі күнкөріс деңгейіне қарай анықталады және қазіргі уақытта оның мөлшерінің 40% құрайды) отбасыларына атаулы әлеуметтік көмек (бұдан әрі - АЕК) көрсетудің әмбебап жүйесі енгізілді. Аз қамтылған азаматтар - АЕК алушылардың есебін жүргізу ретке келтірілді, және АЕК автоматтандырылған тағайындау жүйесін және аз қамтылған отбасылар бойынша бөлінген дерек қор жасалды.

"Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру нәтижесінде жан басына шаққандағы табысы кедейлік деңгейінен де төмен аз қамтылған азаматтардың саны азайды (2002 жылдың басындағы 10,2%-тен 2004 жылдың 1 қаңтарында 6,6%-ке (немесе 859,8 мың адам).

Кедейлік, жұмыссыздық және АӘК көрсету проблемаларының жүйелік байланысы бекітілді. АӘК алушылардың басым бөлігі балалар (2003 жылы олардың үлесі 60,3% немесе 518,6 мың адамды құрады). АӘК алушы басқалардың арасында балаларға күтім жасаумен айналысатындар, жұмыссыздар, мүгедектер, зейнеткерлер, өз бетімен жұмыспен қамтылғандар, жұмыс істейтіндер бар.

Аз қамтылған азаматтардың әрбір санатына қатысты тиісті шаралар: баяу - материалдық көмек; белсенді - жұмыспен қамтуға жәрдемдесу, кедей халықтың еңбекке қабілетті бөлігін рынок талаптарына бейімдеу қолданылады.

Аз қамтылған азаматтар құрамында балалардың үлесі басым екендігін ескерсек, аналар мен балаларды қолдау шаралары ерекше маңызға ие болады. Бұл үшін 2003 жылғы 1 қаңтардан бастап бала туғанда отбасының табысына қарамастан республикалық бюджеттің қаражаты есебінен 15 АЕК мөлшерінде біржолғы жәрдемақы төлеу енгізілді. Қосымша балалар жәрдемақыларын енгізу жөнінде ұсыныстар әзірленуде.

Соңғы жылдары еңбек рыногының жағдайы жұмыспен қамтудың өсіп, жұмыссыздық деңгейінің тиісінше азайып келе жатқанымен сипатталады. Республика экономикасында 2004 жылғы қаңтарда 6862,8 мың адам еңбек қызметімен қамтылды, оның ішінде жалданып істеушілердің саны 4219,8 мың адамды құрайды. Жұмыспен қамтылғандардың жартысынан астамы ірі және орта кәсіпорындарда істейді.

Қазақстан Республикасы Статистика жөніндегі агенттігінің деректері бойынша 1999 жыл мен 2003 жылдар аралығындағы кезеңде жұмыссыздық 4,7% азайды және ағымдағы жылдың басында 8,8%-ды құрады. Жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органдар тіркеген жұмыссыздар саны азайып келеді. Мәселен, 2004 жылғы 1 қаңтарда 2002 жылмен салыстырғанда ресми жұмыссыздық 25% астамға азайды. Жұмыссыздар құрылымында әрбір екінші адам - әйел, әрбір үшіншісі 15-39 жастағылар . Жұмыспен қамту проблемасы біржақты өнеркәсібі бар қалалар мен күйзеліске ұшыраған ауылдық аймақтарда әсіресе өткір.

Республикадағы еңбек рыногы жағдайының мониторингін жасау үшін облыстар, қалалар мен аудандар бөлінісінде жұмыс күшіне деген нақты ұсыныс пен сұранысты көрсететін *деректер базасы жасалды.* Қазіргі күні ұсыныстың *сапасы мен кәсіптік-біліктілік құрылымының сәйкессіздігі және халықтың оңтайлы жұмысқа қабілетінің төмендігі* себебінен жұмыс күші жергілікті еңбек рыноктарында тапшы бола тұрса да оған Қазақстанда жеткілікті сұраныс бар екенін талдау көрсетіп отыр. Жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі органдардың бос жұмыс орындарының ай сайынғы банкі 15-17 мың бірлікті құрайды. Алайда кәсіби белгісі бойынша жұмыс күшіне сұраныс пен ұсыныстың сәйкес келмейтіндігінен бір бос жұмыс орнына айына орташа 9-10 жұмыссыз үміттенеді.

Білім беру қызметін көрсету рыногы сұраныстың өзгеруіне жедел ілесе алмайтын болып шықты, ал бұл білікті жұмысшы кадрларға тапшылық проблемасын шешуге және жұмыс күшіне деген сұраныс пен ұсыныстың арасындағы үйлеспеушілікті жоюға мүмкіндік бермейді.

Кедейлікті азайтудың 2003-2005 жылдарға арналған бағдарламасын, Ауыл жылын өткізу жөніндегі іс-шаралардың жоспарын іске асыру барысында жұмыспен қамтуға белсенді жәрдемдесудің нәтижелері жақсарды. 2003 жылы *елде 244,3 мың жұмыс*

*орны* (2002 жылы - 211,5 мың), соның ішінде 60% ауылдық жерлерде құрылды. Жұмыспен қамту жөніндегі органдардың жәрдемімен *өтініш жасағандардың* (2002 жылғы 148,6 мың адаммен салыстырғанда 154,6 мың адам) *әрбір екіншісі жұмысқа орналастырылды.* 2002 жылмен салыстырғанда ауылдық жерлерде жұмысқа орналасқандардың саны 20,6%-ға көбейді. Жұмыспен қамту жөніндегі уәкілетті органдарға өтініш жасағандардың жартысынан астамы *қоғамдық жұмыстарға* қатысады.

Жұмыссыздардың біраз бөлігі *оқуға, қайта даярлауға және біліктілігін арттыруға* жіберіледі. 2003 жылдың өзінде ғана 25 мыңнан астам адам оқуды және қайта даярлықты аяқтады.

Елде заңсыз жұмыспен қамту проблемасы бар. Жұмыссыздық тиісінше тіркелмей жүзеге асырылатын кіріс әкелетін қызметтің түрлерін дамытуды туындатып отыр. Жұмыспен қамтудың бересми секторы еңбек көші-қоны, ең алдымен заңсыз көші-қонның есебінен кеңейтіп келеді.

Жұмыспен қамтуға жәрдемдесу саясатын іске асыруда белгілі бір проблемалар бар, ол жұмыспен қамту жөніндегі уәкілетті органдар тіркейтін жұмыссыздық деңгейі шын мәніндегі деңгейден әлдеқайда төмен. Жаңа жұмыс орындарын құру қарқыны жұмысқа орналастырылған жұмыссыздар санының көбеюімен сәйкес келе бермейді, қайта оқудан өткен жұмыссыздардың үштен бірінен астамы еңбек рыногында өз орнын таба алмай жүр, қоғамдық жұмыстар түрінің бәрі бірдей экономикалық жағынан тиімді емес . Бересми сектордағы жұмыспен қамтуды заңдастыру жөнінде қабылданып жатқан шаралардың тиімділігі аз.

Реформалар жүргізілген жылдар ішінде еңбек қатынастарын реттелуге тұжырымдамалық тәсілдер заңды түрде бекітілді. Ол өнімді еңбекпен қамтуға жәрдемдесуге, азаматтардың еңбек бостандығына және қауіпсіз еңбек жағдайларына конституциялық құқығын қамтамасыз етуге бағытталған. Қазіргі уақытта заң актілерінің тұтас пакеті қолданылуда, ол: " Қазақстан Республикасындағы еңбек туралы ", " Ұжымдық шарттар туралы ", " Кәсіптік одақтар туралы ", " Ұжымдық еңбек даулары және ереуілдер туралы ", " Қазақстан Республикасындағы әлеуметтік әріптестік туралы " және т.б.

Осы заң актілерін қабылдаудың нәтижесінде еңбек қатынастарын бұрынғыдай орталықтан басқарудың нормалары жойылды, бірін-бірі қайталайтын ережелер алып тасталды, еңбек қатынастарын шарттар арқылы реттеу кеңейтілді, әлеуметтік әріптестікті дамытуға, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғауды, халықты жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуге арналған құқықтық база жасалды.

Сонымен бірге:

- *қолданыстағы еңбек туралы заңдардың көптеген ережелері бүгінгі күннің ақиқатына сәйкес келмейді.* Еңбек қатынастары тым орталықтандырыла регламенттеліп, оларды шартпен реттеу негізсіз шектеліп келеді, қызметкерлер үшін

жоғары еңбек өнімділігіне тиісті ынта туғызылмай келеді, биресми еңбек қатынастарын заңдастырудың пәрменді шаралары жоқ;

- еңбек және еңбекті қорғау туралы заңдарда жүйелілік жоқ, еңбек құқығының қолданыстағы нормалары келісілмеген, ал кей жағдайларда олар бір-біріне қайшы келеді.

Осының бәрі еңбек *заңдарын жетілдіру жөнінде жұмыстар* жүргізуге әкеп отыр. *Қолданылып жүрген нормативтік құқықтық актілерді түгендеу* жүргізілді, " Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау туралы " Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды, Қазақстан Республикасындағы еңбек туралы кодекс (бұдан әрі - Еңбек кодексі) әзірленуде.

2001 жылы қайта құрылған *Мемлекеттік еңбек инспекциясы* еңбек туралы және еңбекті қорғау туралы заңдарды бақылайды және оны бұзудың алдын алады. Жыл сайын мемлекеттік еңбек инспекторлары бір жарым мыңнан астам тексеру жүргізеді, оның барысында еңбек заңдарын біршама бұзушылықтар анықталады. Жарақаттану мен кәсіби аурулар азайғанымен де, олардың деңгейі әлі де жоғары күйінде қалып отыр.

*Еңбек заңдарын негізгі бұзушылықтар мыналар:* жеке еңбек шарттарын жасасуды ресімдеуде бұзушылық, өндірістің дұрыс ұйымдастырылмауы, қауіпсіздік техникасы нормаларының сақталмауы, қызметкерлердің жұмыстан заңсыз шығарылуы, жалақыны төлеудің кешіктірілуі, жұмыс уақыты мен демалыс уақыты режимінің сақталмауы және тағы басқалар болып табылады.

Бұзушылықтың алдын алу және еңбек қатынастары субъектілерінің мүдделерін келісу тетіктерінің бірі әлеуметтік сұхбатты дамыту болып табылады. "Қазақстан Республикасындағы әлеуметтік әріптестік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Тараптардың Бас келісім бойынша қабылданған міндеттемелерді орындауын қамтамасыз ету жөнінде үш жақты ынтымақтастықтың барлық деңгейінде әлеуметтік әріптестермен сындарлы сұхбат жүргізіледі.

Еңбекақы саласында республикада еңбекақыға белгіленген ең аз мөлшерден төмен емес мемлекеттік кепілдікті, бюджет саласы қызметкерлерінің жалақысын реттеуді, ұжымдық шарттар мен келісімдер арқылы қызметкерлер, жұмыс берушілер және кәсіподақтар арасында еңбекақы деңгейін реттеудің шарттық қағидатын енгізуді айқындайтын құқықтық база құрылды және жетілдірілуде.

Халықтың еңбекақы және ақшалай табыстарының өсу саясаты тұрмыс деңгейінің экономикалық өсумен байланыстылығы ескеріліп құрылады, ал *ұзақ мерзімді жоспарда әлеуметтік қамсыздандыру деңгейін арттыру үшін негіз құрайды.*

2002 жылғы 1 қаңтардан бастап мемлекеттік қызметшілер болып табылмайтын бюджеттік сала қызметкерлері *еңбекақысының* жаңа жүйесі енгізілді. Бюджеттік сала қызметкерлерінің еңбекақысын өсіру жөнінде шаралар қолданылуда.

Алайда, *еңбекақы төлеуде мынадай проблемалар бар:*

- еңбекақының салыстырмалы төмен деңгейі;
- жалақы өсуінің еңбек өнімділігінің өсуімен байланысты болмауы;
- өңірлік және салалық бөліністерде жалақыдағы негізсіз жоғары саралаудың қалыптасуы.

## II бөлім. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері

Бағдарламаның мақсаты:
мемлекет, жұмыс беруші және қызметкер арасындағы жауапкершілікті бөле отырып, әлеуметтік қамсыздандырудың қаржылық тұрақты, экономикалық тиімді, әлеуметтік әділ үш деңгейлі жүйесін құру болып табылады.

Мақсатына сәйкес Бағдарлама әлеуметтік көмектің атаулылығын күшейтуге; өнімділігі жоғары еңбекті ынталандыруға; азаматтардың ресми сектордағы еңбекке ынтасын арттыруға және көлеңкелі жұмыспен қамтуды заңдастыру үшін жағдайлар жасауға бағытталған.

Осы мақсаттарға орай Бағдарлама мыналарды көздейді:
- мемлекеттік әлеуметтік стандарттарды халықаралық стандарттарға кезең-кезеңімен жақындату;
- негізгі әлеуметтік қатерлерді (карттықтың басталуы, еңбек қабілетінен айрылу, асыраушысынан айрылу, жұмысынан айрылу) әлеуметтік сақтандыруды дамыту;
- әлеуметтік көмекті ұйымдастыруды жетілдіру;
- әлеуметтік қамсыздандыру мен әлеуметтік қызметтердің қол жетімділігін кеңейту;
- мүгедектерді әлеуметтік оңалтуды жетілдіру;
- ресми сектордағы өнімді еңбекке уәждемелеу жөніндегі еңбек заңдарын одан әрі жетілдіру және жалақы өсімінің еңбек өнімділігінің өсіміне қатыстылығын белгілеу үшін жағдайлар жасау;
- халықты әлеуметтік қамсыздандырумен қамтуды кеңейту және жеке таңдау мүмкіндігін жақсарту үшін жағдайлар жасау;
- негізгі субъектілерді (мемлекет, қызметкерлер мен жұмыс берушілер, алушылар) әлеуметтік қамсыздандыру жүйесін басқаруға қатыстырудың тетіктерін жетілдіру;
- әлеуметтік қамсыздандыру жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз ететін институттарды одан әрі дамыту;
- ақпараттық қамсыздандыру мен әлеуметтік статистиканы дамыту;
- әлеуметтік қамсыздандыру жүйесінің мамандарын даярлау мен қайта даярлауды қамтамасыз ету;
- жергілікті атқарушы органдардың Бағдарламаның өңірлік аспектілерін іске асыруға жауаптылығын арттыру;
- әлеуметтік қамсыздандыру жүйесінің нормативтік құқықтық базасын жетілдіру.

## III бөлім. Бағдарламаны іске асырудың негізгі бағыттары мен тетігі

### 3.1. Мемлекеттік әлеуметтік стандарттарды жетілдіру

Мемлекеттік әлеуметтік стандарттарды жетілдіру жүйесі мыналарды көздейді:

- әлеуметтік нормативтер мен стандарттардың бірлігін және бірдейлігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін *базалық әлеуметтік нормативті (индикаторды) айқындау және бекіту*;
- стандарттардың өзара байланысы мен оның құрылымдық элементтерінің қатар бағынуын көздейтін жүйесін қалыптастыру;
- базалық конституциялық кепілдіктерді іске асыру үшін жағдайлар жасау.

Адамның денсаулығын сақтауға және оның тіршілігін қамтамасыз етуге қажетті ең төмен тұтыну себеті құнының негізінде анықталатын *ең төменгі күнкөріс деңгейі бірыңғай базалық әлеуметтік индикатор* болуға тиіс. Еңбекақы төлеу, зейнетақымен қамсыздандыру, әлеуметтік көмек беру саласында басқа ең төменгі мемлекеттік әлеуметтік стандарттарды айқындау ең төменгі күнкөріс деңгейі негізінде жүзеге асырылатын болады, бұл ең төменгі қажеттіліктерді қанағаттандыруға мемлекеттің кепілдігін іске асыруға мүмкіндік береді және олардың жүйелік байланысын қамтамасыз етеді. Мемлекеттік әлеуметтік қызметтер көрсету стандарттары да бірыңғай және қатар бағыну ескеріле отырып айқындалатын болады.

Мемлекеттік әлеуметтік стандарттар жүйесі бірте-бірте жетілдіріліп, халықаралық стандарттарға жақындатылатын болады.

*Ол үшін:*

- ең төменгі күнкөріс деңгейін айқындау әдістемесіне өзгеріс енгізу қажет. Оның негізі тұрмыстық игіліктер мен қызметтердің ең төменгі әлеуметтік қажетті деңгейін көрсететін тұтыну бюджеті болмақ;
- айлық жалақының ең төменгі мөлшерін ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен емес деңгейде белгілеу, бұл, ең қарапайым біліксіз еңбек жұмыскеріне қатысты жұмыс күшін молайтудың мемлекеттік кепілдігін іске асыруды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді;
- ең төменгі күнкөрісті мемлекеттік базалық әлеуметтік жәрдемақыларды есептеу үшін негізгі стандарт ретінде белгілеу (2006 жылдан бастап);
- ең төменгі күнкөріс деңгейін толық немесе ішінара мемлекеттік қамтамасыз етілетін (медико-стационарлық мекемелер, мектепке дейінгі балалар мекемелері және басқалары) азаматтарға жұмсалатын мемлекеттің шығыстарын құрау тәртібін және халықтың ең аз қорғалған жіктерін қолдауға бағытталған АӘК мөлшерін айқындау үшін қолдануды қамтамасыз ету қажет.

*Мемлекеттік әлеуметтік стандарттарды жетілдіру жөніндегі іс-шараларды іске асыру* халықтың әртүрлі топтарына біркелкі әдіс-амалдарын қалыптастыруға,

әлеуметтік қорғаудың әділ сипатын қамтамасыз етуге және ел азаматтарын қамтамасыз етудің конституциялық кепілдіктерін іске асыруға мүмкіндік береді.

Ескерту. 3.1-кіші бөлімге өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006 жылғы 13 қаңтардағы N 40 Қаулысымен.

## 3.2. Әлеуметтік қамсыздандыру жүйесін жетілдіру

Әлеуметтік реформаларды одан әрі тереңдету әлеуметтік қамсыздандырудың үш деңгейлі жүйесін құруды көздейді:

*бірінші деңгей (негізгі)* - мемлекет кепілдік беретін әлеуметтік жәрдемақылардың ең төменгі мөлшері. Бұл халықтың әлеуметтік осал жіктерінің барлық санатына еңбек еткен жылдары мен жалақыларына қарамастан, бірдей әлеуметтік қатер жағдайында, деңгейі бойынша ең төменгі төлемдер алуға тең құқықтарын іске асыруды қамтамасыз етеді;

*екінші деңгей (міндетті)* - жұмыс істейтін (жұмыс істеген) адамдарды міндетті әлеуметтік сақтандыру есебінен жүзеге асырылатын әлеуметтік төлемдер. Жұмыс берушілердің және/немесе қызметкерлердің міндетті сақтандыру жарналары міндетті әлеуметтік төлемдердің көзі болып табылады. Бұл жағдайда, әлеуметтік қамсыздандыру деңгейі әр адамның сақтандыру жүйесіне қатысуының ұзақтығы мен мөлшеріне байланысты;

*үшінші деңгей (қосымша)* - әлеуметтік төлемдердің ерікті аударымдар есебінен жүзеге асырылуын пайымдайды. Аударымдар бұл жағдайда, жеке, жинақтаушы, ерікті және/немесе кәсіптік болып табылады.

### 3.2.1 Әлеуметтік қамсыздандырудың негізгі деңгейі

Қазақстан Республикасының барлық азаматтары негізгі әлеуметтік қатерлер туындаған жағдайда, еңбек стажы мен жалақысына қарамастан, негізгі әлеуметтік жәрдемақы алу құқығына ие болады.

Әлеуметтік қамсыздандырудың негізгі деңгейіне мынадай әлеуметтік төлемдер кіретін болады:

- картаюына қарай мемлекеттік негізгі зейнетақы төлемдері;
- мүгедектігі бойынша мемлекеттік негізгі жәрдемақы;
- асыраушысынан айырылуы бойынша мемлекеттік негізгі жәрдемақы.

Әлеуметтік қамсыздандыру жүйесінің негізгі деңгейін қалыптастыру үшін:

- мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен жәрдемақылар мөлшерін (жасы, мүгедектігі, асыраушысынан айрылуы бойынша) есептеудің әдістемесін кезеңімен өзгерту жоспарлануда. Жәрдемақылардың мөлшері ең төменгі күнкөріс деңгейіне қатысты айқындалатын болады.
- 2005 жылғы 1 маусымнан бастап негізгі зейнетақыны Қазақстан Республикасының барлық азаматтары үшін зейнетақы жасына жеткен кезде *кезең-кезеңімен* енгізу.

*Бірінші кезеңде* (2005-2007 жж.) тек қана ынтымақты зейнетақы жүйесінің қатысушылары үшін негізгі зейнетақы төлемдерінің мөлшері 3000 теңге мөлшерінде

белгіленетін болады. Келесі кезеңдерде жасына байланысты мемлекеттік жәрдемақы төлеу жойылады және республиканың барлық азаматтары қарттықтың басталуы кезінде негізгі зейнетақы төлемін алатын болады, негізгі зейнетақы төлемдерінің мөлшері КМ-нің 75%-іне дейін жеткізіледі.

- *жұмыстан айрылу қатері басталған кезде мемлекет кепілдік беретін* әлеуметтік қамсыздандырудың негізгі деңгейі материалдық көмек нысаны (АӘК), сондай-ақ еңбекке орналасуға жәрдемдесу, кәсіби қайта даярлық және жергілікті бюджеттер қаражаты есебінен ақы төленетін қоғамдық жұмыстар ұсыну болып табылады.

Ескерту. 3.2.1-тарауға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006 жылғы 13 қаңтардағы N 40 Қаулысымен.

**3.2.2. Негізгі әлеуметтік қатерлерді әлеуметтік сақтандыруды дамыту (қарттықтың басталуы, еңбек ету қабілетінен айрылу, асыраушысынан айрылу, жұмысынан айрылу)**

Әлеуметтік қамсыздандыру жүйесін дамыту негізгі деңгейге қосымша әлеуметтік қатерлерді сақтандырудың міндетті және ерікті схемаларын енгізу негізінде жүзеге асырылатын болады.

*А. Қарттықтың басталуы кезінде әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушылар үшін:*

*ынтымақты зейнетақы жүйесі бөлігінде*

- тұтыну бағаларының өсуін және қолданыстағы заңнамаға сәйкес төлемдер бойынша шектеуді ескере отырып, Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықтан (бұдан әрі - ЗТМО) зейнетақы төлемдері мөлшерін кезең-кезеңімен арттыру;

*міндетті жинақтаушы зейнетақымен қамсыздандыру бөлігінде*

- жинақтаушы зейнетақы қорларынан (бұдан әрі - ЖЗҚ) және сақтандыру ұйымдарынан төленетін зейнетақы төлемдерінің тетігін жетілдіру;
- зейнетақы аннуитетін мынадай жастағы зейнеткерлердің: әйелдер үшін - 67 жаста, еркектер үшін - 70 жаста, зейнетақы жинақтары жеткілікті болған жағдайда міндетті сатып алуын енгізу (2006 жыл);
- ерлі-зайыптылар (бірлескен) аннуитетін енгізу тетігін әзірлеу (2007 жыл);
- *салық салуға жатпайтын* зейнетақы төлемдерінің сомасын ең төменгі зейнетақы мөлшеріне дейін ұлғайту мүмкіндігін қарау (2005 жыл);
- міндетті зейнетақы жарналарын мемлекеттік субсидиялау мүмкіндігін жүктілігі және босануы, бір жасқа дейін баланы күтуі бойынша демалыста болған жалдау бойынша жұмыс істейтін әйелдердің пайдасына шешуді зерделеу;
- "бір салымшы - бір қор" деген заңмен белгіленген қағидатты іске асыру мақсатында (2005 жыл) жинақтаушы зейнетақы жүйесі төлемдерін оңтайландыру (ЗТМО арқылы);
- мемлекеттік міндеттемелердің мүмкін болатын сомаларын есептеу мақсатында инфляция деңгейін ескере отырып, түскен міндетті зейнетақы жарналарының мониторингі жүйесін жасау;

- қаржылық орнықтылық пен сенімділік талаптарын арттыру бөлігінде жинақтаушы зейнетақы жүйесі субъектілерінің одан әрі дамуын қамтамасыз ету;

- инфляцияның деңгейі бойынша индекстелген айналым мерзімі 10 жыл және одан да асатын мемлекеттік бағалы қағаздарды шығару арқылы ішкі рынокта мемлекеттік қарыз алудың ұзақ мерзімді саясатын әзірлеу;

- зейнетақы активтерін инвестициялау үшін сенімді қаржы құралдары шеңберін кеңейту жөніндегі жұмысты жалғастыру;

- ЖЗҚ салымшысына ай сайынғы инвестициялық кірістер (шығындар), ай сайынғы жарналар мен комиссиялық сыйақылар сомалары туралы мәліметтерді ұсына отырып, жыл сайынғы міндетті ақпарат форматын кеңейту;

- зейнетақы активтерін сақтандыру қорын құру жөнінде ЖЗҚ-мен жұмыс жүргізу;

*ерікті жинақтаушы зейнетақымен қамсыздандыру бөлігінде*

- ерікті және кәсіби зейнетақы схемаларын ынталандыру; ұйым қызметкерлерінің, оның ішінде кәсіптері Қызметкерлер кәсіптерінің тізбесіне енгізілген, пайдасына салымшылар меншікті қаражаты есебінен ерікті кәсіби зейнетақы жарналарын жүзеге асыратын бюджеттік ұйымдардың да пайдасына ерікті кәсіби зейнетақы жарналарын қаржыландыру жөнінде шаралар әзірлеу;

- кәсіптік одақтармен, үкіметтік емес ұйымдармен және қоғамдық бірлестіктермен сақтандырудың ерікті және кәсіби схемаларын қалыптастыру жөнінде бірлескен іс-қимылдар жүргізу көзделеді.

*Б. Еңбек ету қабілетінен айрылу, асыраушысынан айрылу, жұмысынан айрылу кезінде әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушылар үшін:*

*міндетті әлеуметтік сақтандыру бөлігінде*

- мүгедектік мәртебесін белгілеу және аурулар мен мүгедектерді куәландырудың жаңа ережелерін енгізу жөнінде нормативтік құқықтық кесімдерді жетілдіруді қамтамасыз ету (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап);

- еңбек ету қабілетінен, асыраушысынан айрылуы бойынша әлеуметтік төлемдерді және Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан жұмыс алушылар үшін әлеуметтік төлемдердің тетігін әзірлеу;

- жұмыс беруші әлеуметтік аударымдар жүргізетін қызметкердің ең көп табысының мөлшерін айқындау;

*қосымша әлеуметтік сақтандыру деңгейі бөлігінде*

- қызметкерлердің өмірі мен денсаулығына оған еңбек (қызмет) міндеттерін атқару кезінде зиян келтіргені үшін "жалпы сақтандыру" саласы және "өмірді сақтандыру" саласы бойынша сақтандыру қызметін жүзеге асыратын сақтандыру ұйымдарын қатыстыра отырып, жұмыс берушінің міндетті сақтандыруға жауапкершілігін енгізу (2006 жыл);

- әлеуметтік қатерлерді сақтандырудың ерікті жинақтаушы схемаларын дамытуды ынталандыру шараларын әзірлеу;

- мемлекеттік аннуитеттік компанияны құру мәселесін қарау көзделеді. Мемлекеттік аннуитеттік компанияның жұмыс істеуі сақтандыру рыногында бар сұранысты қанағаттандыруға және азаматтарға зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңнамаға сәйкес берілген құқықтарды олардың іске асыруын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Ескерту. 3.2.2-тарауға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006 жылғы 13 қаңтардағы N 40 Қаулысымен.

### 3.2.3. Әлеуметтік көмекті ұйымдастыруды жетілдіру

Әлеуметтік сақтандыруға көшу жағдайында кедейлікті жеңу үшін АӘК көрсету жалғастырылады.

Әлеуметтік көмекті ұйымдастыруды жетілдіру мынадай шараларды көздейді:

А. Балалы отбасыларға бала тууына байланысты берілетін біржолғы жәрдемақы төлеміне қосымша:

2006 жылғы 1 қаңтардан бастап - жан басына шаққандағы орташа кірісі азық-түлік себетінің құнынан төмен, аз қамтылған отбасылардағы 18 жасқа дейінгі балаларға арналған жәрдемақы;

2006 жылғы 1 шілдеден бастап - отбасының кірісіне қарамастан, бала бір жасқа толғанға дейін бала күтімі бойынша жәрдемақы төленетін болады. Жәрдемақы мөлшері балалардың санына қарай сараланып белгіленетін болады.

Б. Мүгедектерге.

Мүгедектерге сурдо-тифлотехника және протездік-ортопедиялық бұйымдар сатып алу шығындарын өтеуге кезең-кезеңімен көшу мүмкіндігі қарастырылатын болады.

В. Аз қамтылған отбасыларына:

- АӘК ұсынудың өлшемдері жетілдірілетін;

- тұрғын үйге және коммуналдық қызметтерге ақы төлеу жүйесін одан әрі жетілдіруді ескере отырып, тұрғын үй көмегін ұсынуды оңтайландыру жүргізілетін болады.

Г. Халықтың өзге әлеуметтік осал топтарына:

Арнаулы мемлекеттік жәрдемақы және жерасты әрі ашық кен жұмыстарында, еңбек жағдайлары ерекше зиянды және ерекше ауыр жұмыстарда істеген адамдарға берілетін мемлекеттік арнаулы жәрдемақы мөлшері арттырылатын болады.

Ескерту. 3.2.3-кіші бөлімге өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006 жылғы 13 қаңтардағы N 40 Қаулысымен.

### 3.3. Мүгедектерді оңалту жүйесін жетілдіру

Мүгедектерді оңалту жүйесін құру денсаулық сақтау, білім беру, еңбек, жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау мекемелері қызметін кіріктіруді көздейтін, мүгедектіктің алдын алуды, белгілеу мен оңалтуды қамтитын оңалту процесінің бірыңғай технологиясын әзірлеуді қажет етеді, ол Мүгедектерді оңалтудың 2006-2008 жылдарға арналған бағдарламасы шеңберінде жүзеге асырылатын болады.

*Алдын алуды жақсарту үшін* сараптамалық-оңалту диагностикасының әдістемесі қайта қаралатын болады, бұл адам органдарына немесе ағзасына аурулардың әсер ету деңгейіне *қатысты оңалту жөніндегі шараларды* саралауға және белгілеуге мүмкіндік береді.

Аурулардың ауырлығы, мүгедектікке әкеп соқтыратын патологияның жай-күйі сандық жағынан өлшенеді. Бұл мақсатта тіршілік әрекетінің және денсаулықтың шектелуінің функционалдық сыныптарын анықтаудың халықаралық әдістемесі кезең-кезеңімен енгізілетін болады. Медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізу нәтижелерінің қорытындысы бойынша, мүгедектерді медициналық, әлеуметтік және кәсіби оңалту мақсатында оңалту шараларын жүргізуді көздейтін *оңалтудың жеке бағдарламасы (ОЖБ)* әзірленеді. Бұл процестің негізі *кепілдік берілетін медициналық және әлеуметтік қызмет көрсетулердің мемлекеттік стандарттары* болуға тиіс. Кепілдік берілетін әлеуметтік қамсыздандырумен қатар мүгедектерге жұмыс берушілердің де және олардың белсенді қызмет ету кезеңіндегі азаматтардың өздерінің де есебінен қаржыландырылатын әлеуметтік көмек көрсетудің қосымша түрлері іске қосылатын болады. Әр түрлі ведомстволар мен меншік нысандары ұйымдарының ОЖБ-ны орындауының міндеттілігі тиісті нормативтік құқықтық кесімдерде бекітілетін болады.

*Оңалтуды жүргізу тиімділігін* бағалаудың әдістемесін әзірлеу және өлшемін анықтау алда тұр. ОЖБ-ны іске асырудың нәтижелерін бақылау мен бағалау МӘС-ке жүктелетін болады.

*Оңалтудың әзірленетін технологиясы* аурулар мен мүгедектерге аурулардың немесе жарақаттардың зардаптарын, қоғамнан мүгедектердің барынша шеттеуін болдырмауға немесе азайтуға бағытталған дәйекті өзара байланысты қызмет көрсету кешенін ұсынудың үздіксіз процесі болып табылады.

Әлеуметтік оңалтуды жүргізу үшін әлеуметтік қызмет көрсетудің мемлекеттік стандарттары әзірленеді. Мемлекет кепілдік берген әлеуметтік қызметтер азаматтарға тегін, ал қосымша қызмет көрсету ішінара және толық ақы төлеу жағдайларында ұсынылатын болады.

Мүгедектердің деректер базасын құру өтемдік техникалық құралдар мен жүріп-тұру құралдарына мүгедектердің қажеттіліктерін анықтауға мүмкіндік береді. Протездік-ортопедиялық бұйымдарды шығару және сурдо көмек көрсету жөніндегі зертханалар көмекші құралдардың сапасы мен тиімділігін арттыруды қамтамасыз ететін жаңа технологияларды әзірлеу мен енгізу жөніндегі орталықтарға айналады. Ортопедиялық және сурдо көмек көрсету кезіндегі инфрақұрылымды және сервистік қызмет көрсетуді жақсарту алда тұр.

Интернат үйлеріндегі егде жастағы және мүгедек азаматтарды әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы қызметті ұйымдастыру мамандандырылған көмек көрсетуге бағытталатын болады. Бұл үшін интернат үйлерін шағынданады, сыйымдылығы аз үйлер ашылады және мамандандырылған тұрақты мекемелер

қ ұ р ы л а д ы .

Өзіне-өзі қызмет көрсетуге қабілетін жеткілікті дәрежеде сақтаған қарт азаматтар мен мүгедектерге үй жағдайларында тұру: әлеуметтік қызметтерді көрсету, тұрақты және жартылай тұрақты күтім жасау жөнінде аумақтық орталықтарды дамыту, үйде әлеуметтік қызмет көрсету, жедел әлеуметтік көмек және әлеуметтік-консультациялық көмек көрсету үшін қажетті жағдайлар жасау болжануда. Осы жұмысқа қоғамдық бірлестіктер мен үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері кеңінен тартылатын болады.

Әлеуметтік оңалту мақсатында мүгедектер үшін әлеуметтік инфрақұрылым, көлік, байланыс және ақпарат объектілеріне қол жетімділік қамтамасыз етіледі.

Кәсіби оңалту үшін жағдайларды жақсарту орта және кәсіптік білімді, кәсіби даярлықты және қайта даярлықты, өзін-өзі жұмыспен қамтуды ұйымдастыруды және мүгедектерді еңбекке орналастыруды (мамандандырылған оқу-өндірістік кәсіпорындарын құру, үйдегі жұмыс, икемді жұмыс орындары, әлеуметтік жұмыс орындары, мүгедектер үшін жұмыс орындары квотасын белгілеу) жетілдіруді көздейді.

Мектептегі білім беру жүйесінде әдеттегі және арнаулы мектептерде, үйде мүгедектерді оқыту үшін (жеке бағдарламалар бойынша) қажетті жағдайлар жасалады. Жоғары және орта кәсіптік оқу орындарында мемлекеттік тапсырыс негізінде мүгедектерді оқыту квотасы белгіленіп, мүгедектерді бос еңбек рыногына тарту үшін қосымша шаралар енгізілетін болады. Мүгедектерді мемлекеттік ұйымдарда еңбекке орналастырудың квотасын 3% мөлшерінде белгілеу, жергілікті бюджеттен жеңілдікті кредиттер ұсынуды (кәсіпкерлікті қолдау бағдарламаларының шеңберінде), нысаналы еңбекке орналастыруды қарастыру көзделеді.

Мүгедектерді әлеуметтік қорғауға жаңа көзқарастарға сәйкес МӘС қызметінің әдістемелік және нұсқаулық-әдістемелік базасы қайта қаралатын болады.

Бұл МӘС өткен азаматтар үшін азаматтардың орталықтандырылған деректер банкі, мүгедектік және оңалту проблемасы бойынша ақпараттық-анықтамалық бағдарлама қ ұ р ы л а д ы .

Аурулар мен мүгедектерді оңалту жүйесін жетілдірудің негізгі бағыттарын іске асыру кезең-кезеңімен жүзеге асырылатын болады.

### 3.4. Әлеуметтік қызмет көрсету жүйесін жетілдіру

Ұсынылатын әлеуметтік қызмет көрсету сапасын жақсарту әлеуметтік қызмет көрсетудің мемлекеттік стандарттарын әзірлеу, ұсынылатын қызметтер тізбесін кеңейту мен олардың жетімділігін қамтамасыз ету негізінде жүзеге асырылатын болады .

О с ы ғ а н б а й л а н ы с т ы :

5 жасқа дейінгі балалар үшін мектепке дейінгі жастағы балалар тәрбиешілерін жалдау жөніндегі агенттіктер желісін құру мен дамыту;

үйде әлеуметтік көмек желілерін, оңалту орталықтары мен *мүгедек балалар мен кемтар балалар* үшін әлеуметтік, медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау

көрсете отырып, психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеттерін дамыту;

зорлық-зомбылыққа ұшыраған балалар мен жасөспірімдер үшін жетімханалар ашу, кейіннен осы балаларды балалар үйлеріне немесе арнаулы интернат үйлеріне орналастыру;

мүгедектер мен егде жастағы адамдар үшін әлеуметтік және медициналық қызметтер ұсынатын оңалту мекемелері желісін дамыту;

өмірі қиын жағдайға душар болған адамдар үшін әлеуметтік-психологиялық және консультациялық көмек көрсетуге арналған дағдарыс орталықтарын, бейімделу орталықтарын құру және дамыту.

*Мүгедектер үшін ұсынылатын өтемдік техникалық құралдар сапасын жақсартуға* протездік-ортопедиялық бұйымдарды шығарудың қазіргі заманғы технологияларын енгізу, сатып алынатын сурдо-тифло құралдардың сапасын арттыру, аймақтарда мүгедектерге сервистік қызмет көрсетудің инфрақұрылымын одан әрі дамыту *есебінен қол жеткізілетін болады.*

Әлеуметтік қызметтер көрсетуге қол жетімділік:

- әлеуметтік қызметтерді көрсетуге мемлекеттік тапсырысты қалыптастыру және мемлекеттік сатып алуды жүргізу рәсімдерін жетілдіру;
- орта кәсіптік білімі бар мүгедектерге МӘС-тің қорытындысына сәйкес оқуға қарсылық болмайтын жоғары және орта оқу орындарына түсу үшін квоталар бөлу негізінде қамтамасыз етіледі.

Әлеуметтік қызметтерді ұсынатын ұйымдардың желісін құру мен дамыту үкіметтік емес ұйымдар мен қоғамдық бірлестіктердің белсенді қатысуымен жүзеге асырылатын болады.

## 3.5. Халықты өнімді жұмыспен қамтуға жәрдемдесу және еңбек қатынастарын реттеуді жетілдіру

### 3.5.1. Заңды секторда халықты өнімді жұмыспен қамтуға жәрдемдесу.

Өнімді жұмыспен қамтуға жәрдемдесу саясатының мақсаты тиімді жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету, жұмыссыздық деңгейін азайту, жұмыс күшінің сапасын, жұмыс күшін ұсынудың теңгерімділігін және жұмыс орындарының санын арттыру, ұлттық еңбек рыногын қорғау болып табылады.

Оны іске асыру басы артық еңбек өнімділігі төмен жұмыспен қамтудан жұмыссыздықтың төмен деңгейін жаңа жұмыс орындарын құру және өндірістің техникалық және технологиялық жарақтандырылуын жетілдіру арқылы ұштастыруға ауысуды көздейтін әзірленіп жатқан *Қазақстан Республикасының халқын жұмыспен қамтудың 2005-2007 жылдарға арналған бағдарламасының* шеңберінде жүзеге асырылатын болады.

Жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің ұлттық саясатын іске асыру мынадай шаралардың жиынтығын көздейді:

- *еңбек рыногы мониторингі жүйесін дамыту* және олардың еңбек рыногына әсер

етуі мен қаржылық шығындар тұрғысынан жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің іске асырылатын бағдарламасының тиімділігін бағалау. Қазіргі кездегі бар "республикалық бос жұмыс орындары және еңбек рыногы", "Халықты еңбекке орналастырудың ақпараттық жүйесі", "Оралман деректер базасы" кеңейтіліп, эрбір сала бойынша және жасы бойынша жұмыс күшінің кәсіби және біліктілік құрамы жөнінде бірыңғай автоматтандырылған *дерек қоры құрылады;*

- кәсіптер мен мамандықтардың іріленген топтары бойынша, экономикалық қызмет түрлері мен жекелеген аймақтар бойынша еңбек рыногындағы сұраныстың және ұсыныстың қысқа, орта әрі ұзақ мерзімді перспективаларын ескере отырып, жұмысшылар мен мамандарға қажеттілік болжамын жасау құрылатын болады. Жұмыспен қамту саласындағы барлық кешенді және өңірлік бағдарламалар жалпы мемлекеттік әлеуметтік-экономикалық міндеттер тұрғысынан жүзеге асырылу үшін бірыңғай байланыста болады;

- *білім беру жүйесін жетілдіру* , оның жұмыс берушілер қажеттіліктеріне және еңбек рыногындағы ұсыныс пен сұраныстың өзгеруіне бағдарлануы. Бұл ретте оқу орындарының, жұмыспен қамту қызметтерінің, жұмыс берушілердің, кәсіподақтар мен билік органдарының кадрлар даярлауға мүдделі қатысуының нормалары заңмен бекітілетін болады;

- *еңбек рыногында белсенді саясат стратегиясын* және елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының ерекшеліктерін ескере отырып, оның басымдықтарын әзірлеу. Бұрынғы жұмыс орындарын сақтау және жаңаларын құру жөнінде шаралар қабылданады;

- *жұмыс күштерін жұмылдыруды арттыру. Ішкі еңбек көші-қоны ағындарын* реттеу көші-қон процестерін мемлекеттік басқаруды, әлеуметтік-экономикалық даму болжамдарын ескере отырып, жұмыс күшін аумақтық еңбекке жұмылдыруды одан әрі арттыруды қажет етеді.

*Сыртқы еңбек көші-қонын* реттеу және ішкі еңбек рыногын қорғау жұмыс күшін енгізуге және шығаруға квота белгілеу және уақытша келген елдерінде, сондай-ақ қайтып келгенде көшіп келушілердің құқықтары мен мүдделерін қорғаудың шараларын көздейтін халықаралық келісімдер жасасу арқылы; жасырын еңбек көші-қонының, жұмыс күшінің республика шегінен тыс жерлерге заңсыз әкетілуінің жолын кесу және иммиграциялық бақылауды ұйымдастыру арқылы жүзеге асырылады.

Республикалық деректер банкінің негізінде еңбек рыногындағы сұраныс пен ұсыныстың жай-күйі туралы *халықты хабардар ету жүйесін дамыту* жөніндегі шаралар қабылданып, жұмыс берушілердің бос жұмыс орындары туралы толық және анық деректер ұсынуы үшін жауапкершілігі арттырылатын болады. Ақпараттық-консультациялық қызметтер желісі құрылады, еңбек делдалдығының тиімділігі біршама арттырылады, жұмысты белсенді іздестіруге уәждемені күшейту жөнінде арнаулы экономикалық және әлеуметтік шаралар қабылданады.

Жұмыспен қамтуда әлеуметтік кепілдіктерді қамтамасыз ету мақсатында еңбек рыногында бәсекеге қабілеттілікті арттыру және жастардың, әйелдердің, жұмысынан айырылған адамдардың еңбекке орналасуына жәрдемдесу жөнінде шаралар қабылданады. Жастар бағдарламаларын әзірлеу мен іске асыруға, кәсіпкерлік қызметті қолдау мен өзін-өзін жұмыспен қамтуды дамытуға ерекше назар аударылатын болады.

Еңбек рыногында *бәсекеге қабілетсіз* азаматтарды (мүгедектер, зейнеткерлік жас алдындағы адамдар және басқалары) әлеуметтік қорғауды іске асыру үшін бейімделудің, еңбекке орналасудың, кәсіби бағдар мен кәсіптік оқытудың арнаулы бағдарламалары әзірленіп, іске асырылатын болады. *Халықтың нысаналы топтары үшін жұмыс орындарын квоталау және субсидиялау* жүйесін қалпына келтіру көзделеді. Жұмыссыздықты азайту және дербес жалақы алу мүмкіндігін *жұмыспен қамтудың икемді нысандарын* (толық емес жұмыс күнімен көмекші жұмыстарда жұмыс орындарын құру) қамтамасыз етеді. Бұл орайда халыққа тұрып жатқан жеріне, жынысы мен жасына қарамастан, жұмыспен қамту қызметтерінің жүйесі арқылы ұсынылатын әлеуметтік қызмет көрсетулердің қол жетімділігін арттыру қажет.

**3.5.2. Еңбек қатынастарын жетілдіру және әлеуметтік әріптестікті дамыту**

Қазіргі кезеңдер еңбек қатынастарын реттеудің мақсаты республиканың қоғамдық келісімін және экономикалық дамуын қамтамасыз етуге бағытталған демократиялық, құқықтық және әлеуметтік тетіктерді одан әрі дамыту болып табылады.

Еңбек кодексінде әлеуметтік қорғаумен және экономикалық пайымдылықпен оңтайлы ұштасқан еңбек қатынастарын құқықтық реттеудің жаңа моделі әзірленіп, заңдық тұрғыдан бекітілетін болады. Ол:

- еңбек рыногының тұрақты жұмыс істеуі;
- жұмыс берушілердің мүдделерін ескере отырып, қызметкерлердің еңбек ету және әлеуметтік құқықтарын нақты қорғау;
- жоғары еңбек өнімділігін уәждемелеу;
- еңбек қауіпсіздігін және оны қорғауды жақсарту үшін жауапкершілікті арттыру;
- еңбек қатынастарын заңдастыру үшін жағдайлар жасауға бағытталады.

Еңбек қатынастарын реттеудің жаңа моделінің маңызды ерекшелігі еңбек қатынастарын заңдық (мемлекеттік) және шарттық реттеуді ұштастыру болып табылады.

Еңбек қатынастарын нарықтық экономика жағдайында ырықтандыру экономикалық саланы *мемлекеттің құқықтық реттеу функциясын* сақтай отырып, осы салаға мемлекеттің араласу шектерін регламенттеумен жүзеге асырылады. Мемлекет азаматтардың негізгі құқықтары мен еңбек қатынастарын іске асырудың кепілі болуға тиіс (қызметті таңдап алуға еркіндік, еңбекке орналасуға жәрдемдесу, еңбекті қорғау құқығы және оның қауіпсіз жағдайлары және ең төменгі мемлекеттік стандарттардың сақталуы. *Үлгілік нормалар мен еңбек нормативтерін белгілеу құқығы* да оған беріледі.

Қызметкерлердің еңбек ету құқықтарын қорғай отырып, еңбек заңнамасының сақталуын мемлекеттік қадағалау мен бақылау да сақталады. Еңбек заңнамасының мониторингі және олардың сақталуын талдау жүйесі енгізіледі, еңбек, еңбектің қауіпсіздігі мен оны қорғау туралы заңнаманы бұзушылықтардың алдын алу мен жолын кесу мақсатында еңбек қатынастары субъектілеріне экономикалық және әкімшілік ықпал ету шаралары әзірленеді.

Еңбек қатынастарын реттеудің жаңа моделі қызметкер мен жұмыс берушінің, қызметкерлер мен жұмыс берушілер немесе олардың қоғамдық бірлестіктері арасында туындайтын *еңбек қатынастарын жеке және ұжымдық құқықтық әрі шарттық реттеудің рөлі мен маңызын арттырады.* Қазіргі кезде әзірленіп жатқан Еңбек кодексіндегі арнаулы ережелер әлеуметтік әріптестік рөлін арттыруға, *қызметкерлер мен жұмыс берушілердің бастамашылдықтарын дамыту үшін қажетті жағдайлар жасауға* , оларға еңбек қатынастарымен байланысты мәселелерді дербес шешу мүмкіндігін ұсынуға өзара ыңғайлы шешімдерді шарттық негізде жасауға бағытталатын болады. Ұжымдық шарт әлеуметтік сұхбаттың басым нысанына айналады. Онда бірлестіктер бостандықтарының және келіссөздер жүргізуге олардың құқықтарын тану қағидаттары бекітілетін, тараптардың жауапкершілігі айқындалатын болады. Еңбек қатынастарын реттеуге кәсіптік одақтармен қатар еңбек ұжымдарының кеңестері қатысады. Реттеудің осындай тәртібі еңбек қатынастарының барлық субъектілерінің мүдделеріне сай келеді, қоғамдық тұрақтылығы едәуір арттырып, нығайтады.

*Ұжымдық шарттардың жасалуы мен орындалуын қамтамасыз ететін институттар жұмысын жетілдіру* , ұжымдық еңбек дауларын шешу мен ұжымдық келісім талаптарын орындау ұйғарылады. Екі деңгейлі жүйені: жұмыс беруші мен қызметкерлер арасындағы келісім бойынша құрылатын келісу комиссиясының не еңбек төрелігінің деңгейін және екінші деңгейді - соттық деңгейді қолдану мүмкіндігі көзделетін болады.

*Жұмыс берушілердің еңбекті қорғау және қауіпсіздік жағдайларын сақтауы* үшін өндірістік объектілерді міндетті аттестаттау енгізіледі. Еңбек қауіпсіздігінің, еңбекті қорғау мен гигиенасының негізгі қағидаттары, олардың мазмұны, өнеркәсіп аварияларының алдын алу жөніндегі шаралар заңдық тұрғыдан бекітіледі; кәсіпорындар мен ұйымдарда міндетті түрде еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау қызметтері құрылатын болады.

Шарт талаптары негізінде жұмыс берушінің қаражаты есебінен азаматтарды озық кәсіби даярлау, қайта даярлау және еңбекке орналастыру жөнінде шаралар қабылданатын болады. Кәсіби даярлық білім беру ұйымдарында да, тікелей кәсіпорындарда да жүзеге асырылатын болады. *Еңбекке орналастырудың құқықтық кепілдіктерін* іске асыру үшін мемлекеттің жұмыспен қамтуға жәрдемдесуінің, *еңбек делдалдығының* және *жұмыс берушілердің* қатысуының (жаңа жұмыс орындарын

құру, өндірісішілік оқыту) белсенді әдістерін пайдалану көзделді.

*Әлеуметтік сұхбатты дамыту және әлеуметтік әріптестіктің рөлін арттыру үшін* :

- үш және екі жақты ынтымақтастықтың өкілеттіктері нақтыланады;
- атқарушы билік органдарының, қызметкерлер мен жұмыс берушілердің, құзыреті және жауапкершілік деңгейлері анықталады;
- әлеуметтік сұхбаттың басым бағыттары кеңейтіледі;
- қызметкерлер мен жұмыс берушілердің өңірлік және салалық деңгейлердегі бірлестіктерінің одан әрі қауымдасуы үшін жағдайлар жасалатын болады.

Қабылданатын міндеттемелерді үш жақты ынтымақтастық тараптарына теңдей жүктей отырып, үш жылдық кезеңге арналған бас келісім жасалатын болады.

Республиканың еңбек заңнамасы кезең-кезеңімен халықаралық стандарттарға сәйкес келтірілетін болады. Мұның өзі халықаралық ынтымақтастықты кеңейту және тереңдету үшін қажетті жағдайлар жасайды, республикадағы еңбек қатынастары жүйесін Дүниежүзілік Сауда Ұйымына кіруге бейімдеуге мүмкіндік береді.

### 3.5.3. Көлеңкелі жұмыспен қамтуды заңдастыру шаралары

Көлеңкелі жұмыспен қамту қазіргі кезде еңбекшілер мен жұмыс берушілер бейресми кәсіпорындарда өз бетімен жұмыспен қамтылған қызметті; жалдамалы жұмысшылардың нақты сектор кәсіпорындарындағы бейресми жұмыс орындарында жұмыспен қамтылуын, үй шаруашылықтарында өз бетімен жұмыспен қамтылуын да білдіреді.

Бейресми жұмыс орындары тұрақты емес, кездейсоқ сипаты бар, зиянды еңбек шарттарымен ерекшеленеді, әлеуметтік қамсыздандыруға және әлеуметтік көмекке құқық бермейді.

Көлеңкелі жұмыспен қамтуды заңдастыру мақсатында мынадай шаралар қабылданатын болады:

экономикалық шаралар:

- көлеңкелі экономикаға қатысу шығындарымен салыстырғанда ресми сектор субъектілері үшін шығындарды азайтуға бағытталған еңбек және әлеуметтік заңнаманы жетілдіру;
- кәсіпкерлік қызметті ынталандыру, шағын кредит беру практикасын кеңейту, мұның өзі көлеңкелі жұмыспен қамтуға балама жасауға мүмкіндік береді;
- еңбек көші-қоны ағындарын мемлекеттік реттеу, салалар мен аумақтар арасында еңбек ресурстарын қайта бөлу үшін жағдайлар жасау, жұмыс көп аймақтардан еңбек көші-қонын ынталандыру;
- еңбек рыногы мониторингі жүйесін дамыту, үй шаруашылығы жай-күйінің демографиялық, мүліктік көрсеткіштері бар әлеуметтік картаны пайдалануды жетілдіру және кеңейту;
- өндіріс пен қызметтер көрсету саласын дамытудың басым қажеттіліктеріне қатаң байланыста жұмыс күшін әкелуге квотаны айқындау және құрылымдау.

әлеуметтік шаралар:

- мемлекеттің, жұмыс берушілер мен қызметкерлердің арасында жауапкершілікті оңтайлы бөлуді көздейтін, жұмыспен қамту уәждемесін ынталандыратын әлеуметтік қамсыздандырудың үш деңгейлі жүйесін қалыптастыру.

*әкімшілік шаралар:*

- еңбек заңнамасының, халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау заңнамасының сақталуын бақылауды күшейту;
- көлеңкелі экономикамен айналысатын және салықтар мен әлеуметтік төлемдер төлеуден жалтаратын азаматтарға (жұмыс берушілерге, жалдамалы қызметкерлерге, өзін-өзі жұмыспен қамтылғандарға) әкімшілік шаралар қолдану;
- атқарушы, өкілді, құқық қорғау және бақылаушы органдардың заңсыз (жасырын) қызметті, жасырын (көлеңкелі немесе астыртын) қызметті және бейресми өндірісті жария ету жөніндегі бірлескен жұмыстарын күшейту;
- басқарушылық функцияларды, атап айтқанда, сыртқы еңбек көші-қонын реттеудегі, жұмыспен қамтуға жәрдемдесудегі функцияларын одан әрі орталықсыздандыру.

**3.6. Әлеуметтік қамсыздандыру жүйесін басқаруды жетілдіру**

**3.6.1. Әлеуметтік реформаларды тереңдетудің өңірлік аспектісі**

Әлеуметтік реформаларды тереңдету орталық және жергілікті мемлекеттік органдар арасында әлеуметтік қамсыздандыру жүйесін басқару функцияларын одан әрі оңтайландыруды және қайта бөлуді қажет етеді.

Бағдарламаны іске асыру барысындағы міндеттер:

Орталық атқарушы органның міндеттері әлеуметтік қамсыздандырудың ұлттық саясатын қалыптастыру, аймақтарда ұсынылатын әлеуметтік қызметтер көрсетудің қол жетімділік жағдайларын кезең-кезеңімен теңестіру әдістерін әзірлеу, аймақтардың әлеуметтік даму бағдарламаларын әзірлеу мен іске асыруға әдіснамалық көмек көрсету болып табылады;

*жергілікті атқарушы органдардың міндеттері* - кеңінен түсіндіру жұмыстарын жүргізу және іс-шаралар жоспарлары мен әлеуметтік даму бағдарламаларын әзірлеу, олар мыналарды қамтиды:

а) әлеуметтік сақтандыруды дамыту бөлігінде - үш жақты аймақтық келісімдер негізінде әлеуметтік қамсыздандырудың ерікті және кәсіби схемаларын дамытуды ынталандыру жөнінде шаралар қабылдау;

б) *әлеуметтік көмек көрсету бөлігінде* - АӘК, тұрғын үй көмегі, сондай-ақ аз қамтылған отбасыларына 18 жасқа дейінгі балалар жәрдемақысы жергілікті бюджет есебінен қаржыландырылатын болады.

Көрсетілетін материалдық көмектің атаулылығын күшейту үшін әлеуметтік картаны енгізу және аз қамтылған отбасыларының дерекқорын жасау аяқталатын болады, бұл кедейлік мониторингінің сапасын жоғарылатады, аз қамтылған

отбасыларының жиынтық табысын нақты белгілеу, кедейлікті жеңудің белсенді әдістерін дамыту үшін жағдайлар жасайды.

Бұл міндеттерді жүзеге асыру ауылдық, аудандық және облыстық әкімдіктерді тиісті техникалық жарақтандырумен және мемлекеттің азаматтарына электронды қызмет көрсетудің бірыңғай жүйесі шеңберінде аймақтарды ақпараттық қамтамасыз етудің кіріктірілген жүйесін құрумен қоса жүретін болады;

в) *мүгедектіктің алдын алу бөлігінде мүгедектерге медициналық, әлеуметтік және білім беру қызметтеріне қол жетімдігін қамтамасыз ету және оларды оңалту жүйелерін жетілдіру*

оңалтудың кешенді және облыстық бағдарламаларына қосымша оңалту қызметтеріне мүгедектердің қол жетімдігін қамтамасыз етуге және олардың тұрғылықты жеріне жақындатуға, әлеуметтік инфрақұрылым объектілеріне қол жетімділікті қамтамасыз етуге, оңалту және мүгедектерді еңбекке орналастыру мекемелерінің желісін дамыту жөніндегі нақты шаралар әзірленеді.

*г)* әлеуметтік қызметтер көрсету бөлігінде

қызметтерге мұқтаж халықтың жекелеген санаттары үшін әлеуметтік қызметтердің тұтастай жүйесін кезең-кезеңімен құру көзделеді;

д) *еңбек қатынастарын дамыту және жұмыспен қамтуға жәрдемдесу бөлігінде*

жұмыспен қамтудың белсенді саясатын іске асыру жөніндегі жұмыстар жалғастырылады: еңбек рыногы мониторингінің негізінде жаңа жұмыс орындарын құру, кәсіби даярлықты ұйымдастыру, еңбек рыногында нысаналы топтардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында кәсіби даярлау, қайта даярлау және қоғамдық жұмыстардың экономикалық тұрғыдан тиімді түрлерін дамыту және пайдалану.

### 3.6.2. Ақпараттық қамтамасыз етуді және әлеуметтік статистиканы жетілдіру

Ақпараттық қамтамасыз етуді жетілдіру азаматтарға электронды қызмет көрсетудің бірыңғай жүйесін құру шеңберінде жүзеге асырылатын болады және ол мыналарды қамтиды:

- әлеуметтік төлемдерді және әлеуметтік қамсыздандыру мен әлеуметтік төлемдер жүйесіне қатысушылар аударымдарын есепке алу мен бақылаудың бірыңғай дербестендірілген жүйесін құру;
- аз қамтылған отбасыларының олардың сандық, сапалық сипаттамасын және әлеуметтік жағдайын көрсететін дерекқорын жасау;
- мүгедектердің саны, мүгедектіктің жай-күйі мен себептері, мүгедектердің қажеттіліктері мен оларды қанағаттандыру туралы ақпараты бар мүгедектердің дерекқорын жасау;
- әлеуметтік қамсыздандыру жүйесіне әкімшілік етудің тиімділігін жақсарту мақсатында әлеуметтік төлемдер (Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан зейнетақылар, мемлекеттік жәрдемақылар, әлеуметтік төлемдер) істерінің электрондық мұрағатын жасау (2005 жыл), кейіннен зейнетақылар мен жәрдемақыларды (2007 жыл)

электрондық тағайындау тетігін енгізу;

- ірі кәсіпорындардың (еңбекті қорғау және оның қауіпсіздігін сақтау, өндірістік жарақаттану мен кәсіптік аурулар деңгейі) дерекқорын құру.

Қазіргі бар ақпараттық жүйе және жасалған дерекқоры негізінде деректер алмасудың бірыңғай форматы, ақпараттық кіші жүйелер мен дерекқорының өзара іс-қимылдары бар ауылдық, аудандық, облыстық және республикалық деңгейді қамтитын сатылас құрылымы болатын кіріккен ақпараттық жүйе жасалатын болады.

Ұлттық ақпараттық инфрақұрылымды қалыптастырудың және дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде жасалатын "Қазақстан ресурстары", "Жеке тұлғалар", "Заңды тұлғалар" дерекқорының интерфейсі әзірленіп, іске асырылатын болады.

Әлеуметтік қамсыздандырудың ақпараттық жүйесінің кіріккен моделі әлеуметтік статистиканы дамыту үшін негіз болып табылады.

### 3.6.3. Кадрмен қамтамасыз ету

Әлеуметтік реформаларды одан әрі тереңдетудің негізгі бағыттарын іске асыру әлеуметтік қамсыздандыру жүйесі кадрларын даярлауды және біліктілігін арттыруды қажет етеді.

Осыған байланысты:

- жоғары және орта кәсіптік оқу орындарында арнаулы факультеттер мен бөлімшелерді аша отырып, әлеуметтік қызметкерлерді;

- білікті актуарийлерді қайта даярлаудың жүйесін ұйымдастыру қажет.

Қызметкерлердің біліктілігін арттыруды және кадрларды қайта даярлауды қамтамасыз ету үшін:

- сарапшы дәрігерлердің біліктілігін арттыру циклдарын Алматы мемлекеттік дәрігерлерді жетілдіру институтында және бейінді ғылыми-зерттеу институттарында және ғылыми орталықтарда ұйымдастыру;

- орталық, аумақтық және жергілікті атқарушы органдар әлеуметтік қызметкерлері үшін жоғары және орта кәсіптік оқу орындары мен "Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі кадрларының біліктілігін арттыру курстары" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны базасында арнаулы бағдарламаларын әзірлеу;

- әлеуметтік қамсыздандыру мәселелерімен айналысатын үкіметтік емес ұйымдарды және халықаралық институттарды тарта отырып, әлеуметтік саясаттың негізгі бағыттары бойынша арнаулы курстар ұйымдастыру;

- әлеуметтік қамсыздандыру жүйесін актуарлық талдау мәселелері жөніндегі озық орталықтарда тағылымдамадан өтуді пайдалана отырып, ұлттық актуарийлерді даярлауды қарастыру көзделеді.

### 3.7. Бағдарламаны іске асыру тетіктері

Бағдарламаны орындау оны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының негізінде

жүзеге асырылатын болады.

Іс-шаралар жоспары әлеуметтік қамсыздандыру жүйесін жетілдіру, еңбек қатынастарын реттеу, жемісті жұмыспен қамтуға және ұсынылатын әлеуметтік қызметтер сапасын арттыруға жәрдемдесу жөніндегі негізгі бағыттарды айқындайды.

Кешенді іс-шаралар Қазақстан Республикасындағы әлеуметтік реформаларды тереңдетудің негізгі бағыттары бойынша мақсатты және келісілген іс-қимылдарды қамтамасыз етудегі атқарушы органдардың барлық деңгейлеріндегі қызметті үйлестіруге және жұмылдыруға мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасының Үкіметі Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шараларды орындау барысын бақылау арқылы Бағдарламаны іске асырудың тұрақты мониторингін және тиімділігін бағалауды жүзеге асыратын болады.

## IV бөлім. Қажетті ресурстар және қаржыландыру көздері

Мемлекеттік бюджеттің қаражаты, жұмыс берушінің және/немесе қызметкерлердің міндетті және ерікті жарналары қаржыландырудың көздері болып табылады.

Бағдарламаны іске асыруға мемлекеттік бюджеттен барлығы 994599,9 млн. теңге сомасында қаражат талап етіледі, оның ішінде республикалық бюджеттен:

2005 жылы - 276230,5 млн. теңге;
2006 жылы - 341203,4 млн. теңге;
2007 жылы - 363736,9 млн. теңге,

жергілікті бюджеттен:

2006 жылы - 6519,0 млн. теңге;
2007 жылы - 6910,1 млн. теңге.

Мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын іс-шаралар шығыстарының көлемі тиісті қаржы жылына арналған "Республикалық бюджет туралы " Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес белгіленетін (нақтыланатын) болады. Жергілікті бюджеттерден шығыстарды жергілікті өкілді органдар белгілейтін болады.

## V бөлім. Бағдарламаны іске асырудан күтілетін нәтижелер

Бағдарламаны іске асыру:

мемлекеттік бюджет қаражаты, жұмыс берушілердің және/немесе қызметкерлердің міндетті жарналары мен ерікті қаражаты есебінен халықты әлеуметтік қамсыздандырудың деңгейін арттыруға:

халықты әлеуметтік қамсыздандырумен қамтуды кеңейтуге;

кедейлік деңгейін азайтуға;

еңбек жағдайлары мен қауіпсіздігін жақсартуға;

көлеңкелі жұмыспен қамтуды қысқартуға;

жұмыссыздық деңгейін азайтуға;

ұсынылатын әлеуметтік қызметтер көрсету сапасын арттыруға;
әлеуметтік қатерлерді сақтандыруды және сақтандыру рыногын дамытуға;
әлеуметтік қамсыздандыру жүйесінде есепке алудың бірыңғай дербестендірілген жүйесін және әлеуметтік төлемдер мен аударымдарды бақылау жүйесін құруға ықпал ететін болады.

Әлеуметтік қамсыздандыру жүйесін жетілдіру және халықтың табысын ұлғайту төлем қабілетіне сұраныстың артуына әкеп соғады және ол экономикалық өсудің серпіні болып табылады.

## VI бөлім. Қазақстан Республикасында әлеуметтік реформаларды одан әрі тереңдетудің 2005-2007 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жөніндегі Іс-шаралар жоспары

Ескерту. VI бөлімге өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006 жылғы 13 қаңтардағы N 40 Қаулысымен.

| р/с N | Іс-шаралар | Аяқталу нысаны | Орындалуы (іске асырылуы) үшін жауаптылар | Орындалу (іске асыру) мерзімі | Болжамды шығыстар, млн. теңге | Қаржыландыру көзі |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | **1. Мемлекеттік әлеуметтік стандарттарды жетілдіру** | | | | | |
| 1.1. | Ең төмен күнкөріс көлемін айқындау әдістемесін жетілдіру | Ведомстволық нормативтік құқықтық кесімдер жобасы | ЕХҚМ, СА, ДСМ, БҒМ | 2005 жылғы I тоқсан | Талап етілмейді | |
| 1.2. | Ең төмен мемлекеттік әлеуметтік стандарттарды белгілейтін, жәрдемақылар мен басқа да әлеуметтік төлемдердің | Қазақстан Республикасы Заңдарының жобалары | ЕХҚМ, ДСМ, БҒМ | 2005 жылғы III тоқсан | Талап етілмейді | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | мөлшерін айқындайтын нормативтік құқықтық кесімдердің түгендемесін жүзеге асыру және оларды "Ең төменгі күнкөріс деңгейі туралы" Қазақстан Республикасы Заңымен сәйкес келтіру | | | | | |
| 1.3. | Ең төмен күнкөріс көлемін айқындау әдістемесін халықаралық тәжірибе негізінде және халықаралық ұйымдармен бірлесіп жетілдіру жөнінде жүргізілетін жұмыс туралы халық арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізуді қамтамасыз ету | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | ЕХҚМ, МАСМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері | Тоқсан сайын | Талап етілмейді | |

**2. Әлеуметтік қамсыздандыру жүйесін жетілдіру**

**2.1. Әлеуметтік қамсыздандырудың базалық деңгейі**

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 2.1.1. | Әлеуметтік қамсыздандырудың базалық деңгейін енгізу жөніндегі нормативтік құқықтық кесімдердің жобаларын әзірлеу | Қазақстан Республикасы Заңдарының жобалары | ЕХҚМ, ЭБЖМ | 2005-2007 жылдар | 2005 ж.- 82483,0 2006 ж.- 121371,2 2007 ж.- 126636,7 | Республикалық бюджет |

**2.2. Негізгі әлеуметтік тәуекелдерді сақтандыруды дамыту**

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 2.2.1. | Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықтан төленетін зейнетақы төлемдерінің мөлшерін кезең-кезеңімен арттыруды қамтамасыз ету | Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулысының жобасы | ЕХҚМ | Жыл сайын IV тоқсан | 2005 ж.- 180050,6 2006 ж.- 193348,2 2007 ж.- 199757,5 | Республикалық бюджет |
| 2.2.2. | "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына: - жинақтаушы зейнетақы қорлары мен сақтандыру ұйымдарынан төленетін зейнетақы төлемдерінің тетігін жетілдіру бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу | Қазақстан Республикасы Заңының жобасы | ЕХҚМ, ҚҚА (келісім бойынша), ҚарМ | 2005 жылғы I тоқсан | Талап етілмейді | |
| 2.2.3. | "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне жинақтаушы зейнетақы схемаларын дамытуды ынталандыру бойынша өзгерістер енгізу жөнінде ұсыныстар енгізу | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныс | ЕХҚМ, ҚҚА (келісім бойынша), ЭБЖМ, ҚарМ | 2005 жылғы III тоқсан | Талап етілмейді | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 2.2.4. | Жалдану бойынша жұмыс істейтін, жүктілігі, босануы және бір жасқа дейінгі балаға күтім жасау бойынша демалыста жүрген әйелдердің пайдасына міндетті зейнетақы жарналарын мемлекеттік субсидиялау мүмкіндігін қарастыру | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныс | ЕХҚМ, ҚҚА (келісім бойынша), ЭБЖМ | 2007 жылғы II тоқсан | Талап етілмейді | Республикалық бюджет |
| 2.2.5. | Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталық арқылы жинақтаушы зейнетақы жүйесіндегі төлемдерді одан әрі оңтайландыруды қамтамасыз ету. Міндетті зейнетақы жарналарына мониторинг жүйесін енгізу | Қазақстан Республикасы Заңының жобасы, Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулысының жобасы, ведомстволық нормативтік құқықтық кесімнің жобасы | ЕХҚМ, ҚҚА (келісім бойынша), ҰБ (келісім бойынша) | 2005-2007 жылдар | 2006 ж.- 250,0; 2007 ж.- 249,8 | Республикалық бюджет |
| 2.2.6. | Зейнетақы активтерін инвестициялау үшін қаржы құралдарының тізбесін дамыту және кеңейту жөніндегі жұмысты жалғастыру | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | ҚҚА (келісім бойынша), ҚарМ, ЕХҚМ, ҰБ (келісім бойын- | Жыл сайын | Талап етілмейді | |

ша), ЭБЖМ, салалық мемле- кеттік органдар

2.2.7. Ай сайынғы инвес- Ведомст- ҚҚА 2005 Талап
тициялық табыстар волық (келісім жылғы етіл-
(зияндар), ай норматив- бойынша) III мейді
сайынғы жарналар тік тоқсан
мен комиссиялық құқықтық
сыйақы сомалары кесімнің
туралы жинақтаушы жобасы
зейнетақы қорлары-
ның міндетті жыл
сайынғы ақпараты-
ның форматын
ұлғайту

2.2.8. Зейнетақы активте- Қазақстан ҚҚА 2007 Талап
рін сақтандыру Республи- (келісім жылғы етіл-
қорын құрудың касының бойын- II мейді
орындылығы туралы Үкіметіне ша), тоқсан
мәселені қарау ұсыныс ЕХҚМ,
Қазақстан қаржы- герлерінің қауымдастығы (келісім бойынша)

2.2.9. Әлеуметтік тәуе- Қазақстан ЕХҚМ, 2005 Талап
келдерді сақтанды- Республи- ҚҚА жылғы етіл-
рудың ерікті және касының (келісім қаңтар мейді
кәсіптік схемала- Үкіметіне бойын-
рын ынталандыру ұсыныс ша),
жөніндегі шаралар- Қарм
ды әзірлеу

2.2.10. Еңбек ету қабіле- Ведомст- ЕХҚМ, 2005 Талап
тінен айрылу волық ДСМ жылғы етілмей-
дәрежесін куәлан- норматив- қаңтар ді
дыру және белгі- тік
леу ережесін құқықтық
әзірлеу және кесімнің
бекіту жобасы
2.2.11. Жұмыс беруші мін- Қазақстан ЕХҚМ, 2005 Талап
детті әлеуметтік Республи- ҚарМ, ҰБ жылғы етілмей-
аударымдар жүргі- касының (келісім III ді
зетін қызметкер Үкіметіне бойын- тоқсан
табысының ең ұсыныс ша),
жоғары мөлшерін ЭБЖМ
анықтау жөнінде
ұсыныстар енгізу
2.2.12. Мемлекеттік анну- Қазақстан ЕХҚМ, 2004 Талап
итеттік компания Республи- ҚарМ, жылғы етіл-
құру мәселесін касының ҚҚА IV мейді
қарау Үкіметіне (келісім тоқсан
ұсыныс бойын-
ша), ҰБ
(келісу
бойын-
ша),
ЭБЖМ

---

**2.3. Әлеуметтік көмекті ұйымдастыруды жетілдіру**

---

2.3.1. "Балалы отбасы- Қазақстан ЕХҚМ, 2004 2006 ж.- Рес-
ларға берілетін Республи- ЭБЖМ, жылғы 6339,7; пуб-
мемлекеттік жәр- касы облыс- III 2007 ж.- лика-
демақылар туралы" Заңының тардың, тоқсан 14335,8 лық
Қазақстан Респуб- жобасы Астана бюд-
ликасы Заңының және жет
жобасын әзірлеу Алматы ____________
қала- 2006 ж.- Жер-
рының 6519,0; гі-

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | әкімдері | 2007 ж.- | лікті 6910,1 бюджет |
| 2.3.2. | "Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасын әзірлеу | Қазақстан Республикасы Заңының жобасы | ЕХҚМ, ЭБЖМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері | 2004 жылғы III тоқсан | Талап етілмейді |
| 2.3.3. | (Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2006.01.13. N 40 Қаулысымен) | | | | |
| 2.3.4 | Тұрғын үй көмегін беруді оңтайландыру жөнінде ұсыныс енгізу | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныс | ИСМ, ЕХҚМ, ЭБЖМ, ТМРА (келісім бойынша), облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері | 2006 жылғы IV тоқсан | Талап етілмейді |
| 2.3.5. | Мүгедектердің сурдо-тифлотехника және протез-ортопедиялық бұйымдарын сатып алуға арналған шығындарын өтеуге | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныс | ЕХҚМ, ЭБЖМ, ҚарМ | 2007 жылғы IV тоқсан | Талап етілмейді |

кезең-кезеңімен
көшудің мүмкінді-
гін қарастыру

2.3.6. Ұлы Отан соғысының Қазақстан ЕХҚМ, 2005 2005 ж.- Рес-
қатысушылары мен Республи- ЭБЖМ жылғы 12582,3; пуб-
мүгедектері, кә- касы I 2006 ж.- лика-
мелетке толмаған, Заңының тоқсан 19891,4; лық
бірге тұратын 4 жобасы 2006 2007 ж.- бюд-
немесе одан да көп жылғы 20716,9 жет
балалары бар көп I тоқсан
балалы отбасылар,
"Алтын алқа",
"Күміс алқа" белгі-
лерімен немесе I
және II дәрежелі
"Ана даңқы" ордені-
мен марапатталған
аналар үшін арнайы
мемлекеттік жәрдем-
ақылардың мөлшерін
2006 жылғы 1 қаңтар-
дан бастап 4000 тең-
геге дейін арттыруды
қамтамасыз ету

2.3.7. Қазақстан Респуб- Қазақстан ЕҚХМ, 2005 2005 ж.- Рес-
ликасы Президенті- Республи- ЭБЖМ, жылғы 1109,6 пуб-
нің 2004 жылғы 19 касының облыс- I лика-
наурыздағы Жолдау - Үкіметі тардың, тоқсан лық
ына сәйкес Ұлы қаулысының Астана бюд-
Отан соғысының жобасы және жет
қатысушылары мен Алматы
мүгедектеріне қалала-
біржолғы көмек рының
көрсетуді қамтама- әкімдері
сыз ету

---

**3. Мүгедектерді оңалту жүйесін жетілдіру**

---

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 3.1. | Функционалдық сыныптарды тіршілік пен денсаулықты шектеу қызметінің халықаралық жіктемесі негізінде анықтау әдістемесін кезең-кезеңімен енгізу жөнінде ұсыныс енгізу | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныс | ДСМ, ЕХҚМ | 2005 жылғы IV тоқсан | Талап етілмейді |
| 3.2. | Мүгедектерді оңалтудың 2006-2008 жылдарға арналған бағдарламасының жобасын әзірлеу | Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулысының жобасы | ЕХҚМ, ДСМ, БҒМ, ЭБЖМ | 2005 жылғы IV тоқсан | Бағдарлама параметрлеріне сәйкес республикалық және жергілікті бюджеттер |
| 3.3. | Протез-ортопедиялық көмек беруді, мүгедектерді сурдо-тифло құралдармен қамтамасыз етуді және әлеуметтік қызметтер көрсетуді жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізу | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныс енгізу | ЕХҚМ, ИСМ, ДСМ, БҒМ | 2005 жылғы I тоқсан | Талап етілмейді |
| 3.4. | Әлеуметтік қызметтер көрсетудің мемлекеттік стандарттарын әзірлеу | Ведомстволық нормативтік | ЕХҚМ, ДСМ, БҒМ | 2005-2007 жылдар | Талап етілмейді |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | құқықтық кесімнің жобасы | | | |
| 3.5. | Жұмыс істеп тұрған интернат мекемелері жүйесін ықшамдау мақсатымен шағын интернат мекемелерін ашу жөнінде ұсыныстар енгізу | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныс | ЕХҚМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері | 2005 жылғы II тоқсан | Талап етілмейді |
| 3.6 | Жалғызілікті қарт азаматтар мен мүгедектерге әлеуметтік қызмет көрсетудің аумақтық орталықтары желісін кеңейту жөнінде ұсыныстар енгізу | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныс | ЕХҚМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері | 2005 жылғы III тоқсан | Талап етілмейді |

**4. Әлеуметтік қызметтер жүйесін жетілдіру**

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 4.1. | Әлеуметтік қызметтер көрсететін ұйымдар жүйесін кеңейту жөнінде ұсыныстар енгізу | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныс енгізу | ЕХҚМ, ДСМ, БҒМ, ЭБЖМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері, ҮЕҰ (келісім бойынша) | 2005 жылғы III тоқсан | Талап етілмейді | Жергілікті бюджет |

4.2. Әлеуметтік Қазақстан ЕХҚМ, 2005 Талап
қызметтер көрсе- Республи- Қаржымині жылғы етіл-
туге арналған касының III мейді
мемлекеттік тапсы- Үкіметіне тоқсан
рысты қалыптастыру ұсыныс
және мемлекеттік
сатып алуды
жүргізу рәсімдерін
жетілдіру жөнінде
ұсыныс енгізу

4.3. Мүгедектердің Қазақстан БҒМ, 2005 Талап
жоғары және орта Республи- ЕХҚМ жылғы етіл-
кәсіптік оқу орын- касының II мейді
дарына түсуі үшін Үкіметіне тоқсан
квота белгілеу ұсыныс
жөнінде ұсыныс
енгізу

4.4. Мүгедек балаларға Қазақстан ЕХҚМ, 2005 Талап
арналған интернат Республи- БҒМ, жылғы етіл-
мекемелерінің касы облыс- IV мейді
базасында және Үкіметіне тардың, тоқсан
арнаулы білім ұсыныс Астана
берудің түзеу және
ұйымдарында оңалту Алматы
бөлімшелерін, қалала-
күндізгі немесе 5 рының
күндік бөлімшеле- әкімдері
рін ашу жөнінде
ұсыныстар енгізу

---

**5. Халықтың жұмыспен қамтылуының нәтижелі болуына жәрдемдесу және еңбек қатынастарын реттеуді жетілдіру**

---

**5.1. Халықтың заңды секторда жұмыспен өнімді қамтылуына жәрдемдесу**

---

5.1.1. Қазақстан Респуб- Қазақстан ЕХҚМ, 2004 Талап
ликасының халқын Республи- ОӘІҮК жылғы етіл-
жұмыспен қамтудың касының (келісім IV мейді

2005-2007 жылдарға Үкіметі бойын- тоқсан
арналған бағдар- қаулысының ша),
ламасын әзірлеу жобасы ИСМ,
ЭБЖМ,
облыс-
тардың,
Астана
және
Алматы
қалала-
рының
әкімдері

5.1.2 ТМД, ЕурАзЭҚ, Халықара- ЕХҚМ, 2005- Талап
ЕЭҚ шеңберіндегі лық СІМ 2007 етіл-
еңбек көші-қоны келісім- жылдар мейді
мәселелері жөнінде дердің
халықаралық келі- жобалары
сімдер жобаларын
әзірлеуге қатысу

---

## 5.2. Еңбек қатынастарын жетілдіру және әлеуметтік әріптестікті дамыту

---

5.2.1. Қазақстан Респуб- Қазақстан ЕХҚМ 2004 Талап
ликасы Еңбек Респуб- жылғы етіл-
кодексінің жобасын ликасы IV мейді
әзірлеу Еңбек тоқсан
кодексінің
жобасы

5.2.2 Уақытша еңбекке Қазақстан ЕХҚМ 2005 2007 ж.-
жарамсыздығы Республи- жылғы 2037,2
бойынша жәрдемақы- касының IV
ның мөлшерін арт- Үкіметіне тоқсан
тыру жөнінде ұсы- ұсыныс
ныстар енгізу

5.2.3. Өндірістік объек- Ведомст- ЕХҚМ, 2005 Талап
тілерді еңбек волық ДСМ жылғы етіл-
жағдайлары бойынша норматив- қаңтар мейді
аттестаттауды тік

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жүргізу ережесін әзірлеу | құқықтық кесімнің жобасы | | | |
| 5.2.4. | Қолданылып жүрген үлгілік нормалармен еңбек нормативтерін түгендеуді жүргізу | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныс | ЕХҚМ | 2005 жылғы IV тоқсан | Талап етілмейді |
| 5.2.5. | Қазақстан Республикасының Үкіметі, республикалық кәсіподақтар бірлестіктері мен республикалық жұмыс берушілер бірлестіктері арасында 2005-2007 жылдарға арналған Бас келісімнің жобасын әзірлеу | Келісімнің жобасы | ЕХҚМ, республикалық кәсіподақтар бірлестіктері мен республикалық жұмыс берушілер бірлестіктері | 2005 жылғы қаңтар | Талап етілмейді |

**5.3. Көлеңкелі жұмыспен қамтуды заңдастыру жөніндегі шаралар**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 5.3.1. | "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер енгізу | Қазақстан Республикасы Заңының жобасы | ЕХҚМ | 2004 жылғы IV тоқсан | Талап етілмейді |
| 5.3.2. | Кәсіпкерлік қызметті қорғау мен ынталандыру жөніндегі шаралар әзірлеу | Қазақстан Республикасы Үкіметіне ұсыныс | ИСМ, ЭБЖМ, ЕХҚМ, облыстардың, Астана және Алматы қалала- | 2005-2007 жылдар | Талап етілмейді |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | рының әкімдері | | |
| 5.3.3. | Қазақстан Республикасының аумағында еңбек қызметін жүзеге асыру үшін шетелдік жұмыс күшін тартуға квота белгілеу | Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулысының жобасы | ЕХҚМ | жыл сайын I тоқсанда | Талап етілмейді |
| 5.3.4. | Қазақстан Республикасының "Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы" кодексіне көлеңкелі экономикада жұмыспен қамтылған және салықтар мен әлеуметтік төлемдерді төлеуден жалтаратын азаматтардың жауапкершілігін белгілеу бойынша толықтырулар енгізу туралы ұсыныстар енгізу | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныс | ЕХҚМ | 2005 жылғы III тоқсан | Талап етілмейді |

## 6. Әлеуметтік қамсыздандыру жүйесін басқаруды жетілдіру

### 6.1. Әлеуметтік реформаларды тереңдетудің өңірлік аспектілері

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 6.1.1. | Халықты әлеуметтік қорғау жүйесін өңірлік деңгейде басқаруды жетілдіру жөнінде шаралар қабылдау | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | ЕХҚМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының | Жыл сайын | Талап етілмейді |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | әкімдері | | | |
| **6.2. Ақпараттық қамтамасыз етуді және әлеуметтік статистиканы жетілдіру** | | | | | | |
| 6.2.1. | Әлеуметтік қамсыздандырудың кіріктірілген ақпараттық жүйесін құру | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | ЕХҚМ, БИА | 2005-2007 жылдар | Бөлінетін қаражат шегінде | Республикалық бюджет |
| **6.3. Кадрмен қамтамасыз ету** | | | | | | |
| 6.3.1. | Арнайы факультеттер мен бөлімшелер ашу арқылы жоғары және орта кәсіптік оқу орындарында әлеуметтік қызметкерлерді даярлау жүйесін ұйымдастыру | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | БҒМ, ЕХҚМ | 2005 жылғы IV тоқсан | | |
| 6.3.2. | "Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Кадрлар біліктілігін арттыру курстары" РМҚК базасында халықты әлеуметтік қорғау жүйесі қызметкерлерінің біліктілігін арттыруды қамтамасыз ету | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | ЕХҚМ | 2005-2007 жылдар | 2005 ж.- 5; 2006 ж.- 2,9; 2007 ж.- 3,1 | Республикалық бюджет |
| 6.3.3. | Алматы мемлекеттік дәрігерлердің білімін жетілдіру | Ведомстволық, норма- | ДСМ, ЕХҚМ | 2006-2007 жылдар | Талап етілмейді | Республика- |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | институтында және бейіндік ҒЗИ, ҒО-да сарапшы-дәрігерлердің біліктілігін арттыру циклдарын ұйымдастыру | тивтік құқықтық кесімнің жобасы | | лық бюд-жет |
| 6.3.4. | Ұлттық актуарийлер даярлау жүйесін ұйымдастыру жөнін-де ұсыныс енгізу | Қазақстан Республи-касының Үкіметіне ұсыныс | ЕХҚМ, БҒМ, ҰБ, ҚҚА (келісім бойынша) | 2005 жылғы III тоқсан |

---

Ескертпе:

1. Мемлекеттік бюджеттен барлығы - 994599,9 млн. теңге қаражат талап етіледі, оның ішінде республикалық бюджеттен:

2005 жылы - 276230,5 млн. теңге;

2006 жылы - 341203,4 млн. теңге;

2007 жылы - 363736,9 млн. теңге,

жергілікті бюджеттен:

2006 жылы - 6519,0 млн. теңге;

2007 жылы - 6910,1 млн. теңге.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2006.01.13. N 40 Қаулысымен.

2. Қазақстан Республикасында әлеуметтік реформаларды одан әрі тереңдетудің 2005-2007 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыруға көзделген шығыстар республикалық және жергілікті бюджеттерді тиісті жылға қалыптастыру кезінде түзетілетін болады.

3. Әріп аббревиатураларының толық жазылуы:

ЕХҚМ - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі; ДСМ - Денсаулық сақтау министрлігі; БҒМ - Білім және ғылым министрлігі; ЭБЖМ - Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі; ҚарМ - Қаржы министрлігі; ИСМ - Индустрия және сауда министрлігі; СІМ - Сыртқы істер министрлігі; СА - Статистика агенттігі; ҚҚА - Қаржы рыногын және қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау жөніндегі агенттік; ТМРА - Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттік; МСА - Мемлекеттік сатып алу жөніндегі агенттік; МАСМ - Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі; АБА - Ақпараттандыру және байланыс жөніндегі агенттік; ОӘІҰК - Отбасы мен әйелдер істері жөніндегі ұлттық комиссия; ҰБ - Ұлттық Банк; ҮЕҰ - үкіметтік емес ұйымдар.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК